

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫММИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР және ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Л.Н.Исабаева, Г.Қ.Үрістенбекова

*Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарының жалғастырушы
топтарына арналған жаттығулар жинағы (лексика тарауы)*

Ақтау , 2011ж

ӘӨЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2 Каз я73

П 65

Пікір жазғандар: Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті,
ф.ғ.к. Б.Қ.Ақбердиева

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. М.С.Жылқыбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Тілдік пәндер кафедрасының доценті, п.ғ.к. Б.Н.Кадирова

П65 Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарының студенттеріне арналған жаттығулар жинағы (лексика тарауы)/ Құраст.: Л.Н.Исабаева, Г.Қ.Үрістенбекова. - Ақтау, 2011. -71 бет.

ISBN 978-601-7276-78-2

Оқу құралы студенттер мен магистранттарға, мектеп, колледж оқушыларына қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

ӘӨЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2 Каз я73

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу – әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN 978-601-7276-78-2

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

Алғы сөз

Мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін білу – Қазақстанның барлық азаматтарының міндеті. Қоғамымыздағы тың жаңалықтардың барлығы адам еңбегінің жемісі десек, еңбек ету барысындағы қарым – қатынас құралы мемлекеттік тілді білу – әр азаматтың парызы. Осы тұжырымды негізге ала және Ата Заңымыздың 7 бабына сүйене отырып Мемлекеттік тілді үйренуге арналған барлық жағдайларды жасау мақсатында Жоғары оқу орындарында «Практикалық қазақ тілі» пәні оқытылады.

Пәнді оқыту барысында оқулықтармен қатар оқу көмекші құралдары, жаттығулар жинағы мен оқу әдістемелік нұсқаулықтардың да қажеттілігі туындайды. Бұл – «Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарына арналған жаттығулар жинағы» әдістемелік көмекші құралында қазақ тілінің лексика тарауындағы тақырыптарға анықтама мен жаттығулар, сонымен бірге «Танысамыз» айдарымен туған өлкеміз Маңғыстау түбегіндегі жер – су атаулары, «Есте сақта» айдарымен қанатты сөздер мен мақал – мәтелдер, Маңғыстау жерінің тарихы мен байлығы туралы, қазақ халқының болмыс – бітімін танытатын ұлттық құндылықтарымыз туралы және мұнай тарихына байланысты мәтіндер, грамматикалық тақырыптарды бекіту мақсатында тест сұрақтары берілген.

Лексика

Лексика ғылымы – белгілі бір тілдегі сөздік қорды, тіл байлығын зерттейтін ғылым. Әрбір сөз белгілі бір ұғымды білдіреді. Сөз бен ұғым тығыз байланысты, бірақ сөз – тілдік категория, ал ұғым – ойлаудың формасы. Тілсіз ойлау мүмкін емес. Сондықтан да тіл мен ойлау тығыз байланысты.

Ал сөз қалай болса солай айтыла салған дыбыстардың жүйесіз тіркесі емес. Мысалы, лот десек, қазақ тілінде бұлай дыбысталатын сөз жоқ. Дыбыстар тіркесінде мағына болмаса, сөз де болмайды. Сөз мағынамен тығыз байланысты. Дыбысталу – сөздің сыртқы қабығы, мағына – сөздің ішкі мазмұны.

Синонимдер

Айтылуы әр басқа, бірақ мағыналары ұқсас сөздерді – **синоним сөздер** дейміз.

Мысалы: сабырлы, байсалды, байыпты, ұстамды, төзімді.

1– жаттығу. Берілген сөздердің синонимдерін тауып, синонимдік тізбек жасаңыз.

Кескін	абырой	айту
Әлем	әдемі	үлкен
Ашқарақ	қария	жорта

2 – жаттығу. Берілген сөздердің синонимдерін тұрақты сөз тіркестерінен жазыңыз.

Тез	алыс	қорықты
Ашуланды	елемеді	сөйлемеді
Батыр	қорлау	тату

3 – жаттығу. Синонимдік тізбекті қатыстыра отырып сөйлем құраңыз:

1. Жедел, шапшаң, дереу, тез, лезде.
2. Тамақ, ас, тағам, ауқат.
3. Ескі, көне, ежелгі, байырғы, атам заманғы.
4. Батыр, ержүрек, қаһарман.
5. Уақ, ұнтақ, майда, ұсақ.

4 – жаттығу. Зат есімнен болған 5 сөз алып, синонимдік тізбек құраңыз.

5 – жаттығу. Берілген синонимдік қатардағы сөздерді бірнеше сөздермен тіркестіріп, олардың қанша сөзбен тіркесе алатындығын анықтаңдар.

1. Бағалы, құнды, қымбат.
2. Күшті, мықты, қажырлы, қайратты, әлді, қарулы.
3. Тез, шапшаң, жылдам.

6 – жаттығу. Мәтіннен синоним сөздерді табыңдар және мәтінде айтылған ойды есте сақтаңдар.

Алладан басқа тәңір жоқ. Бас июге және мойынсұнуға Алладан басқа лайықты ешкім жоқ. Алла – жалғыз һәм құдіретті. Оған ұқсас ешкім жоқ. Оның балалары және ата – анасы жоқ. Ол – мәңгілік. Ол әрқашан бар болады. Ол бәрін біледі, бәрін көреді. Ешнәрсе оның оның назарынан тыс қалмайды. Ол – бүкіл әлемді жаратушы. Алла ұлы және мейірімді. Ол бізге бәрін берді. Ол бізді, адамдарды, ең озық үлгіде жаратты. Ол бізге жамандық жасамай, қалай өмір сүруді, қалай бақытты болуды және табысқа жетуді үйрету үшін Пайғамбарларын жіберді.

(«Құран Кәрім» кітабынан)

Танысамыз!

Аққоңырдаң – 1. Солтүстік Үст. Қаратүйетауының астындағы қар-жаңбыр суы іркіліп түсіп жататын, ұзындығы 1 шақырымға жуық шұңғыл сай. Ежелден керуен, көш жолының бойында жатуы себепті белгілі су көзі. 2. Тасқоңырдың Ақтаудың солтүстік бетінде Жыңғылды сайының аяғындағы су түсетін шүңейт иірім. Жағасы жайылма, түбі әк тас, шығыс жақ ернегі әк тасты жарлауыт. Сай аяғындағы Ауыздыбас ойынан артезиан құдығы қазылмас бұрын маңайдың негізгі су көздерінің бірі болды.

Мәтінмен оқып танысыңыз және өз атамекеніңіз туралы әңгіме жазыңыз.

Атамекен

Атамекен – адамның туып - өскен жері, ата мекені, ел – жұрты, табиғи байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, тіл, мәдениет, тұрмыс – салт және әдет - ғұрып ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған аумақ. Тар мағынада біреулердің туған ауылы.

Ұрпақтан ұрпаққа қалып отырған «кір жуып, кіндік кескен» аймақ, өңір, өлке – атамекенге кіреді. Қазақ халқының атамекені – көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі – Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан республикаларына шектеледі. Бұл күндері осы мекенде сан ғасыр армандаған қазақ мемлекеті дүниеге келді. Көлемі бес Францияға, тоқсан екі Бельгияға пара – пар елдің жерінде алуан түрлі кендер, өсімдіктер, жан – жануарлар бар. Химия ғылымында Менделеев ашқан химиялық элементтер кестесінде көрсетілгендердің бәрі қазақ даласынан табылады.

Есте сақта!

Қыздар – адамзат болашағы. Қыздар – ұлтымыздың бүгінгі ұрпағы, болашақтың ұйытқысы. Қыздар – ертеңгінің асыл анасы, ақылгөй данасы.

Сөздік

Тарихи геологиялық талдау (Анализ историкогеологический) - Белгілі бір аймақ өңірінде нақтылы уақыт аралығында түзіліп үлгерген тау жыныстарының қалыптасу ретін қадағалу нәтижесінде сол аймақтың геологиялық даму заңдылығын анықтайтын тәсілдер жиынтығы.

Игеру талдамасы (Анализ разработки) - Өнімді қойнауқаттарда өтіп жататын процестерді және мұнай мен газ қорларының орналасу ерекшеліктерін зерттеу. Осы зерттеулер нәтежесіне сүйеніп игеруді реттеп отыру жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында шоғырды игеру барысында ұңғымалар мен қойнауқаттарды геологиялық – кәсіптік, геофизикалық, гидродинамикалық және т.б. тұрғыдан зерттеу нәтежелерін кешенді түрде саралау. Синонимі – игеру процесінің талдамасы.

Омонимдер

Айтылуы және жазылуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздерді – **омонимдер** дейміз. Мысалы: 1. Жаз – зат есім, жыл мезгілі; 2. Жаз – етістік, бұйыру мәндегі іс - әрекетті білдіріп тұр; 3. Жаз – етістік, емде деген сөздің синонимі; 4. Жаз – жай деген іс - әрекетті білдіріп тұр (дастарханды жаз немесе дастарханды жай).

7 – жаттығу. *Берілген омоним сөздердің мағыналарын ашып, сөйлем құраңыз.*

Жүз	сана	түс
Мата	сап	көрші
Саулық	ой	маң
Қаз	бөлме	алма

8 – жаттығу. *Өлеңді көшіріп жазып, омоним сөздерді табыңыздар және мағынасын түсіндіріңіздер.*

1. Жаманатын жат елге,
Жайды ойламай жайды ма?
2. Қапалы, мөлдіреген көзде жасы,
Көз салып елді байқар сорлы басы.
Көзіне болар – болмас көрінеді,
Бүгжеңдеп ел аңдыған ауыл жасы.
3. Диплом алып жұрттан бұрын,
Елге қайтты Сырттан біздің.
Аты да Сырттан, емтиханы да сырттан,
Айырмашылығы сол жұрттан.

9 – жаттығу. *Әрі адам аты, әрі тау аты, әрі етістік болатын омоним сөздерді тауып, сөйлем құраңыз.*

10 – жаттығу. *Бірі түбір күйінде, бірі туынды сөз тұлғасында тұратын омоним сөздерге 5 мысал келтіріп, сөйлем құраңыз.*

Мысалы: Алма – жеміс (түбір күйінде)

Алма – етістіктің болымсыз түрі (туынды сөз)

11 – жаттығу. *Берілген омоним сөздердің мағыналарына байланысты мақал – мәтелдер тауып жазып, мағыналарын түсіндіріңіз.*

Жүз	қас	көрші
Саулық	үй	ер

12 – жаттығу. Берілген омоним сөздердің мағыналарын ашып, сөйлем құраңыз.

Қол	сабақ	сіңір
Қой	шағын	жең
Бөле	қайшы	жас
Айт	кеспе	жар

Танысамыз!

Аңсар – Шетпе мен Жармыш арасында жол бойындағы шағын елді мекен. 1931-1953 жж. әуелі серіктестік, «Ұшқын» колхозының орталығы. Тұсындағы Қаратау беткейі үлкенді –кішілі бұлақ. Адай ревкомының төрағасы Тобанияз Әлниязов төңкерістен бұрын бұлақтардың аяғын бөгеп, тоспа жасатып, соған жиналған суды атызбен тегіс ойға шығарып егін еккен. Оның орындары әлі сақталған. Ел осы күнге дейін «Тобанияз жармасы»деп атайды. Аңсардың шығыс жағында 3 шақырым жерде Қарадиірмен деп аталатын бөлек оқшау төрткіл бар. Оның түбіндегі тас көмірді жергілікті ұсталар бері келгенше ашық шахта әдісімен алып, қажетіне жаратып келді.

Мәтінмен оқып танысыңыз және мазмұнын баяндаңыз.

Отырар

Отырар – қазақ халқының ең көне қалаларының бірі. Ежелде Отырар қаласының орнында Фараб немесе Бәрәб атты үлкен қоныс болған. «Бәрәб» - ежелгі түркі сөзі, «сулы қоныс» деген мағынаны береді. Себебі шаһар Арыс пен Сырдаия өзендерінің қосылған тұсында орналасқан еді.

Отырар орнында бұл күндері басы бүтін қалған жалғыз құрылыс – Арыстанбаб ғимараты. Алғашқы көне дәуірдегі ескерткіш қираған соң, соның орнына салынған орта ғасырлық әсем өрнекті ғимарат. Арыстанбаб мазары Сайрамдағы Әбділәзіз баб, Баба атадағы Ысқақ баб ескерткіштеріне ұқсайды.

Арыстанбаб – Отырар жеріне алғаш келген білімпаздардың бірі. «Ол - әрі ақын, әрі жұлдызға қарап адам тағдырын болжайтын көріпкел. Жылына бір мәрте Меккеге барып, әулие - әмбиелерге мінәжәт қылған», - деген дерек кездеседі.

Ежелгі Отырар қыштан салынған тамдары бар, көшелері кең, керуен кіріп – шығатын үлкен қақпаларымен көрікті қала болған.

Есте сақта!

Баланың ата –ана алдында парыздары бар. Олар ата – анаға құрмет көрсетіп, айтқандарын мүлтіксіз орындауы керек. Өзінің ата – анасын көзінің тірісінде риза қыла алмаған бала, о дүниеде де жаннаттың есігін аша алмайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.). – «Жаннат ата – ананың аяғының астында» - деген.

Сөздік

Мұнай газ алабы (Бассейн нефтегазоносный) - Белгілі бір геологиялық уақыт бойына шым – шымдап ойыса беруі нәтижесінде шөгінді жыныстар жиынтығының мейілінше қалың жүйесін қалыптастырған, сол жүйе

қимасының құрамында мұнай мен газ шоғырларын қоректендіруші және кіріктіруші жекелеген қабаттар кезігіп қалып отыратын ауқымды аймақ.

Газды бензин (Бензин газовый) - Мұнайдың қосалқы газдарынан бөлінетін сұйық көмірісутек. Олардың нақтылы мұнай бензиндерінен айырмашылығы қойнаулық температурасының төмендігінде. Газды бензин - негізінен пропаннан бастап октанға дейінгі ең төменгі алкандардан тұрады.

Мұнайлы шектеме (контур нефтеносности) – мұнай шоғырының таралу ауқымын оқшаулайтын тұйық шекара.

Антоним сөздер

Антоним сөздер дегеніміз – мағыналары қарама – қарсы сөздер. Мысалы: жаңа ұңғыма – есік ұңғыма, үлкен қазандық – кіші қазандық, т.б.

13 – жаттығу. *Берілген мақал – мәтелдерден антонимдерді табыңыз.*

1. Бейнет, бейнет түбі – зейнет.
2. Жақсыдан тиер шарапат, жаманнан тиер кесапат.
3. Жауға жалынба, досқа тарылма.
4. Жастық – жалын, кәрілік – көмір.
5. Балалы үй базар, баласыз үй мазар.
6. Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар.
7. Өмір – күшті, өлім одан да күшті.
8. Адам бір терінің ішінде арық та болады, семіз де болады.
9. Асыл ердің баласы аз сөйлер де көп тыңдар.
10. Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі.

14– жаттығу. *Берілген жұмбақтардан антоним сөздерді табыңыз.*

Аппақ дала, қара дән,
Сепкен дәнін түсінуге жараған.

(Әріптер)

Жерде туып,
Көкте өледі.

(Түтін)

Таңертең бар, кешке жоқ,
Кеш түгілі, түсте жоқ.
Мен әдемі моншақпын,
Ірі емеспін, ұсақпын.
Мойнына ешкім таға алмас,
Мендей мөлдір таба алмас.
Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті.

(Шық)

(Қарбыз)

Бірі үлкен, бірі кіші,
Туысқан бірге бес кісі. (Бес саусақ)

15 – жаттығу. Берілген сөздердің антонимін табыңыздар.

Сараң	жуас	қатты
Биік	көңілді	ескі
Жұмсақ	құрғақ	шебер
Құпия	терең	салмақты
Ұсақ	қысқы	жалқау

16 – жаттығу. Құрамында антоним сөздер кездесетін 10 мақал – мәтел жазыңыздар.

17 – жаттығу. «Менің досым» деген тақырыпқа шағын әңгіме жазыңыз және онда міндетті түрде бірнеше антоним сөздердің болуын ескеріңіз.

18 – жаттығу. Берілген мақал – мәтелдердегі антонимдердің сыңарын тауып, көшіріп жазыңыз.

Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді.
Атадан ұл туса, елінің малын жейді.

Анадан артық дос бар ма?
Ашудан жаман ... бар ма?

Өзінің қисықтығын білмеген,
Өзгенің білмейді.

Шындық бар жерде, байқап жүреді.
Шындық жоқ жерде, шіреніп шайқап жүреді.

Ақымақ шаппамен бауыздар,
..... мақтамен бауыздар.

Ащы менен татқан білер,
Алыс пенен жортқан білер.

Аш кезінде берген күлше,
... кезінде берген түйеден артық.
Досыңның асын - іш.

Адам бір терінің ішінде арық та болады, де болады.

Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық,
Ерте тұрған ырысы артық.

Танысамыз!

Айрақты – Көне түркінің «арқарлы» деген сөзі. Солтүстік Үстірттегі Каспийдің Өлі Қолтық, Қайдақ шығанақтары астасқан жердегі бөлек құрлықтан оқшау жарты арал тау. Картаға Жаманайрақты атымен түскен. Жаман – қысының қатты болатынына орай ел берген анықтама. Биіктігі – 148 метр. 1931 жылға дейін мұнда аттас пристань, елді мекен болған. Төңкеріске дейін Айрақтыдан Қоңыратқа тұрақты сауда керуені қатынап тұрған. Кезінде бұл

Хорезмге баратын ең жақын төте жол саналған. Мұнда көп жылдар Аралбай ақын Оңғарбекұлы тұрып, бірнеше өлеңдерін осында шығарған. Қашаған ақынның «Аралбайды жұбатуы» да осында шыққан. Айрақтының Б.Залесский салған суреті сақталған.

Мәтінмен оқып танысыңыз және өз ойларыңды қоса отырып әңгімеленіңдер.

Мемлекеттік ту

Мемлекеттік ту – мемлекет егемендігін кейіптейтін мемлекеттік биліктің ресми белгісі. Біздің туымызда көгілдір аспан реңінде алтын күн бейнеленген. Оның айқын және мейірімді сәулелері астында қазақ халқымен тарихи тағдыр біріктірген көптеген ұлттар Қазақстанды өз Отаным деп санап, тату өмір сүруде.

Қазақтың дәстүрлі ою - өрнегімен қатар ту композициясының тағы бір маңызды бөлігі – күн үстіне көтерілген қыран. Ол дүние жүзінің көптеген халықтарының рәмізінде бар және ол халықтың данышпандығын, ойының биіктігін айғақтайды.

Өз сәулесіне шомылған күн тыныштық пен байлықты, ал дала қыраны – қазақстандықтардың қайырымдылығын, қырағылығын, ой биігін көрсетеді.

Шекараның бұзылмайтындығын бейнелейтін күн, шексіз далада ұшқан қыран, ою - өрнек – Қазақстанның ғасырлар бойғы қалыптасқан жинақы бейнесі.

Есте сақта!

Дүние деген асау ат, байқаусызда теппесін. Аларыңды алып қал, өмірің өтіп кетпесін.

Сөздік

Бұрғылау (Бурение) – Бұрғылау құралдарын жасақтап тереңге бойлап қазу процесі. Бұрғылаудың жиі қолданылатын түрлері құбырлы, соқпалы, шарқашаулы, шнекті, дірілді және термикалық бұрғылаулар.

Тасбағансыз бұрғылау (Бурение бескернавое) – Геологикалық - барлау ұңғымаларын жасақтау барысында тасбағандарды дараламай - ақ, ұңғыма оқпанындағы бүкіл тау жыныстарын уату нәтижесінде жүргізілетін айналмалы бұрғылау түрі. Көбінесе мұнай - газсыз жыныстарды тесіп өту мақсатында, олардың қимасын геофизикалық және басқа әдістер көмегімен - ақ жақсы зерттеу мүмкіндігі мол болған жағдайда жүргізіледі.

Кәсіби сөздер

Кәсіби сөздер – жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен немесе шаруашылық саласымен айналысатын адамдардың арасында ғана өзара қолданылатын сөздер. Мысалы: Бау – бақша кәсібіне байланысты сөздер: қарық, атыз, енжір, күләбі, жерді ызалау, т.б

Кәсіби сөздерді екі үлкен салаға бөлуге болады:

А) Қолөнершілікке қатысты сөздер (ұсталық, тоқымашылық, зергерлік, т.б.). Мысалы: шербек (үлкен ара), атауыз (шеге суырғыш), пәрбі (шойын тескіш), шербек (үлкен ара), т.б.

Ә) Ауыл шаруашылығына байланысты сөздер (мал, астық, балық, аңшылық, мақта, темекі, күріш, қызылша, т.б.). Мысалы: мақтаға қатысты: қоза (мақта өсімдігі), шиіт (мақтаның тұқымы), терімші (мақта теруші), т.б.

19 – жаттығу. *Берілген сөздердің қандай кәсіпке байланысты айтылатынын анықтаңыз.*

1. Жылым, сүзекі, бүркеніш, қаяз, азна, қарма, шөктірме.
2. Көсек, күнжара, қауашақ, қоза, қозапая, шиіт егу, сүдігер айдау.
3. Қыстау, күзем, тоғыту, қырқым, іш тастау, сауым.

20 – жаттығу. *Мал шаруашылығында айтылатын бота атауларына байланысты мәтінді оқып танысыңыз және түйе малының жасына қарай айтылатын атаулары туралы ізденіп жазыңыз.*

Арамзабота – мезгілсіз туған бота.

Ақ кемік бота – енесінің уыз сүтін емін – еркін еміп өскен бота.

Қара кемік бота – енесінің уыз сүтіне жарып тоймаған бота.

Күн қаққан бота – шілде, тамыз айларында туған ботаның ыссыда көп байланып, күнсіреуін айтады.

Бұралқы бота – адасып келіп басқа түйелерге қосылған бота.

Құтымсыз бота – енесін еміп қойып, жөнді сауғызбайтын, жетектесең жетегіне жүрмейтін тырысқақ мінезді бота.

Маймақ бота – аяғының білезік буыны ішке яғни немесе сыртына қарай айналып тұратын бота.

21 – жаттығу. *Ұсталық кәсіпке қатысты кәсіби сөздерді ізденіп тауып, сол сөздерді қатыстыра отырып «Ұста еңбегі» немесе «Шебер ұста» деген тақырыпта әңгіме жазыңыз.*

22 – жаттығу. *Төменде берілген сөздер ауыл шаруашылығының қай түрінде қолданылатын кәсіби сөздер екенін анықтап, мағыналарын ашу мақсатында сөйлем құраңыз.*

Дүмбі	кылша	торлама
Өркен	әңгелек	жәмше
Жом	пәшік	сота
Балдаң	қоза	түбіртек

Танысамыз!

Бозашы түбегі – Маңғыстаудың Қара ойын құрайтын үш түбектің бірі. Оңтүстігінде Ақтау сілемдерімен, солтүстігі мен батысында өлі Қолтық шығанағымен (бұрынғы сор) Каспий теңізімен, шығысында Қайдақ шығанағымен шектесіп жатыр. Маңғыстау түбегімен Қошақ, Каракешу арасындағы ойдым-ойдым сор көмкерген Мойнақ арқылы жалғасады. Жер

бедері жазық, бір тұстары еспе шағыл құмды болып келеді. Табиғи су көздері құдық (Шебір, Қызан, Жиделі, Қоғым, Тұщықұдық, Қызық, Көндікұдық, Мәстек т.б.) Ауа – райы құрғақ, ылғал аз түседі. Өсімдік, жан – жануарлар дүниесі жұтаң. Көкімбет, Ауызорпа, Қаратөбе, Ақырлан, Үлек, Мыңкісі, Мәстек т.б. тарихи ескерткіштері бар. 1953 жылдан бастап пайдалы қазбаларды барлау жүрді. Нәтижесінде Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Арман, Қолтық мұнайлы –газды кен орындары ашылды.

Мәтінді оқыңыз және көршілес елдердің елтаңбаларымен танысып, салыстырыңыз.

Елтаңба

Елтаңба – әр елдің белгісі. Жер жүзіндегі барлық мемлекеттің елтаңбасы бар. Қазақстан Республикасының жаңа Елтаңбасы үшін тарихи дәстүрлер мен халық ауыз әдебиеті шығармашылығының сарындары таңдалды. Үздік жобаны таңдау кезінде бұл басты өлшемге айналды. Елтаңбаның үздік жобасы бәйгесіне 245 жұмыс түсті. Солардың ішінде Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлихановтың жобасы үздік деп танылды.

Жаңа Елтаңба рәмізі мазмұнының тереңдігімен ерекшеленеді. Оның көркемдік шешімінің негізінде шаңырақ, бес жұлдыз, сондай – ақ аңыздағы сәйгүліктер мен «Қазақстан» деген жазу жатыр.

Аңыз - әңгімелердегі пырақ, қазақ мифологиясындағы тұлпар бейнесі биікке ұшуды, болашақты арман етуді бейнелейді. Пырақтың биік көтерілген қанаттары шаңырақты – біздің ортақ үйімізді сақтайды. Мифологиялық пырақтар мүйізінің шығыршығы – біздің ежелгі тарихымыздың сабақтастығы мен батылдық белгісі болып табылады.

Есте сақта!

Жамандыққа жамандық жасай алар әр кісі,
Жамандыққа жақсылық жасай алар нар кісі.

Сөздік

Парафинсіз мұнай (Беспарафиновая нефть) - Құрамындағы парафин мөлшері 1% -аспайтын мұнай.

Тенізде мұнай мен газға бұрғылау (Бурение на нефть и газ морское) – Ішкі су алаптары (Каспий теңізі, Маракайво көлі), теңіз (Парсы шығанағы , Кариб, Жапон, Солтүстік теңіздері), мұхит қайраңы ауқымында кенді іздестіру , барлау және игеру мақсатында жүргізілетін бұрғылау. Мұндай бұрғылаулар әдейі жасақталған негіздерден, эстакадалардан, жүзу кемелерінен және қозғалмалы аяқтар орнатылған платформалардан жүргізіледі.

Диалект сөздер

Диалект сөздер – белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер. Мысалы: Сым – шалбар; кесе, пиялай – кесе; әпке, әпше – апа (Оңтүстік Қазақстан), т.б.

23 – жаттығу. *Маңғыстау диалектілерінен мысалдар жазып, сөйлем құраңыздар.*

24 – жаттығу. *Берілген синоним сөздердің қай жердің диалектілері екенін анықтаңыз.*

1. Сіріңке, кеуірт, күкірт, шырпы, шақпақ, ши, оттық.
2. Кесе, пиялай, кәсе, тас аяқ, шыны аяқ, жанан, кәрлен, ақпар.
3. Шылапшын, леген, кірлен, шылаушын.

25 – жаттығу. *Берілген диалект сөздердің қай аймаққа тән екенін ажыратыңыздар және мағыналарын түсіндіріңіздер.*

Кәсе	кәуіп	келемеш
Кигіз	киім – кеншек	көзгеілдірік
Залал	загон	зады

26 – жаттығу. *Берілген сөйлемдердегі диалект сөздерді тауып, олардың қандай мағынада қолданылып тұрғанын анықтаңыздар.*

1. Қариялар айтпақшы, Қауғабаевтың пешенесіне солай жазылса, бұл қайтпек?
2. Қонақ келгенде ауыл қазағы әдетте көрші – қолаңын қоса шақырып, құрапатта бірге бас қосып отырады ғой.
3. Саушы мен алушыны мәмілеге келтіріп, осы қызметі үшін шырыңке пұлға қарық болып жүретін кәнігі делдалдар дауысы бәрінен қаттырақ естіледі.
4. Көктем келіп, табиғат ұяна бастады.
5. Бойында бір қырым еті жоқ, мұрнының ұшы біздей сүйірленіп біткен, еңсесі төмен осы бейбақ мына пошымымен мұның аты дардай ағасына ірілік етті дегенге сенгісі келмейді.

27 – жаттығу. *Диалект сөздердің әдеби тілдегі баламаларын жазып, сөйлем құраңыз.*

Нән, көпшік, бәдірен, жар, зілдей, сүгірет, ішқұста, дәу, кеуірт, биттей, секер, әйдік, кіл, малақай, тыңла, бережақ.

28 – жаттығу. *Диалектологиялық сөздікті пайдалана отырып берілген диалект сөздердің мағыналарын ашыңыз және сөйлем құраңыз.*

Илану	ища – ай	кембағал
Зембіл	жадағай	зәрі қатты
Жаба	жар	зыр – зыр қашу
Тұқым	келулі	қасқа

Танысамыз!

Есенақырған - Есенғұлұлы Есукей (т.ө.ж. белгісіз) 1700 жылдар басында қазақтарды Үстіртке бастап келген халық батыры. Ел аузында қадірленген батыр аты Есен делініп жүр. Азан шақырылып қойылған дұрыс есімі Есукей. Ол елін Үстірттің Арал жақ шетіне әкеліп қоныстандырып тастаған соң, әскерге барлау, шолу мақсатымен жалғыз өзі Маңғыстау ойының шетіне дейін келіп

қайтады. Оның осы сапары жайлы ел жадында Есукейдің Таутайлақпен, жезтырнақпен алысып жеңуі туралы ертегіге бергісіз аңыз бар. Таутайлақ тағы болып кеткен түйе, жезтырнақ қазір ғылымда қар адамы, гуманоид делініп жүрген тағы адам, олар түбекте алдыңғы екі ғасыр астасқан кезге дейін болды деген ауызша деректер жеткен. Е.атына байланысты жер атаулары Үстірт үстінде көп. Биіктің Есен жал аталу себебі Есукей батыр соның үстінде жатып ел шетіне қауіп төнген шақта қарауыл қараған. Есен ойы атанған ойда ат шалдырып дамылдаған. Есукей дауысы өте зор адам екен. Беттескен жаугершілік, қару білеген соғысқа болмаса адам қанын төгуге құлықсыз батыр шамалы жауды ақырып жасқайды –мыс. Сондай бір шамырқанғанда дауысы қатты шыққан жер аты Есенақырған аталып қалған.

Мәтінді оқыңыз және «Алтын адам» Қазақстанның тағы қай өңірінен табылғаны туралы ізденіп, әңгімелеңіз.

Тарихи ғажайып – «Алтын адам»

«Алтын адам» деген ғажайып атқа ие болған ғажайып ескерткіш 1969 – 1970 жылдары Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік қорғанынан табылды. Оны алғаш ашып, әлемге танытқан – ғалым, археолог, Кемел Ақышев. Бұл обаға б.з.д. V – IV ғасырда өмір сүрген 17 – 18 жас шамасындағы сақ жауынгері, сол кездегі дәстүр бойынша киімімен, тұрмыстық заттарымен қоса жерленген. Оның салтанатты биік бас киімі, шалбары мен етігіне дейін 200 – ден астам аң, құс сипатты алтын әшекейлермен безендірілген. Қару – жарағы мен сақинасы да алтыннан жасалған, сондықтан ол «алтын адам» аталған. Бұлардан басқа оның жанына қыш құмыралар, ағаш ыдыс – аяқтар т.б. заттар қойылған. Соның бірі – 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс тостаған. Оны ғылымда «Есік жазуы» деп атайды. Бұл ескерткіштер қазақ жерін мекендеген бабаларымыздың осыдан 2500 жыл бұрын өзіндік жазу – сызуы мен өркендеген мәдениеттің болғандығын дәлелдейді.

Есте сақта!

Ақымақтарды дер кезінде ауыздықтап, данышпанның көсегесін көгерту, әрбір адам баласының, зиялы қауымның келешек ұрпақ алдындағы адамгершілік міндеті.

Сөздік

Барлаулық бұрғылау (Бурение разведочное) - Пайдалы қазба кендерін барлау және инженерлік геологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында жасақталатын бұрғылау.

Соқпалы бұрғылау (Бурение ударное) - Ұңғыма оқпанындағы тау жынысын уату процесі сол уатушы жабдықтың соққылауы нәтижесінде жүзеге асырылатын бұрғылау әдісі.

Терминдер

Ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздерді **термин** сөздер дейміз. Мысалы: Әдебиетке байланысты терминдер: роман, өлең, ұйқас, шумақ, образ, т.б.

Терминдер жеке бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, бір мағыналы болып келеді. Терминдердің мағынасы әрқашан тұрақты болады.

Қазақ тіліндегі терминдерді екі түрге бөліп қарастырамыз:

А) Басқа тілден қазақ тіліне аударылған терминдер – төл терминдер. Төл терминдердің жасалуы әр түрлі: 1. Жергілікті және көне сөздерден алынған: кеден (таможня), егемен (суверенитет), әмбебап (универсал), кешен (комплекс), жарғы (устав), бап (статья), т.б. 2. Тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы термин жасалған: отбасы (семья), төлқұжат (паспорт), мұражай (музей), елтаңба (герб), т.б.

Ә) Басқа тілден өзгертілмей, сол қалпында алынған терминдер, яғни интернационалдық терминдер. Мысалы: математика терминдері: квадрат, куб, коэффициент, т.б.; химия терминдері: аммиак, азон, гидрат, т.б.; лингвистика терминдері: антоним, синоним, эвфемизм, т.б.

29 – жаттығу. *Мәтіннен мұнай – газ ісі ғылымына байланысты терминдерді табыңыздар.*

Мұнай-газ кен орнын іздеу жұмыстары жер қойнауын зерттеуден басталады. Мұнда мұнайдың тұрақты орнын анықтау басты мәселе. Мұнай жер қабатында тұрақтану үшін асты - үсті саз қабаты және астында су болуы шарт. Ағын жолы болмай жан - жақтан мұнай иірімі бекітулі болады. Мұнай иірімі, моноклиналь деп аталатын, көлбеп жатқан қойнауқаттарда да жиі кездеседі.

Басқа кендер сияқты мұнайды іздеумен ең алдымен геологтар айналысады. Мұнай геологтары стратиграфия, литология, минералогия, палеонтология т.б. ғылымдар зерттеулерінің қорытындысына сүйенеді.

Мұнай кендерін ғылыми іздеп –барлау жолы кең аймақтың геологиялық жағдайын талдаудан басталады. Осының бәрі бұрын жүргізілген әуефото, әуемагниттік, гравитациялық, сейсмикалық, ғарыштық және геологиялық іздестіруді картаға түсіру нәтижесінен қорытылады.

30 – жаттығу. *Медицина, физика, философия, педагогика ғылымдарына тән 10 термин сөздерді жинақтап жазыңыз және сөйлем құраңыз.*

31 – жаттығу. Берілген термин сөздерді топтастырып жазыңыз.

Лексика, баскетбол, архаизм, грамматика, бокс, минус, плюс, полисемия, хоккей, косинус, неологизм, акробатика, сингорманизм, алгоритм, тангенс, фонетика.

32 – жаттығу. *Бағдарламашы (программист) мамандығына байланысты термин сөздерден сөздік құрастырыңыз.*

Танысамыз!

Бесшоқы – 1. Шығыс Қаратауды ұзынан бойлап жатқан шоқылар сілемі. Маңғыстаудағы ең биік жер. Теңіз деңгейінен 556 метр. Бесшоқының шығыс жағынан екіншісі Төлеп батырдың қарауыл қарайтын биігі делінеді. Батыс жақ шеткісінің аты Үркімбай. 2. Қаратаудағы Бесшоқының солтүстігіндегі Ақтаудың солтүстігінен Қаракешуге қарай сұғына біткен шоқылар сілемі. Топырағының үстіңгі жағы сарғыш түсті кебір, астыңғы бөлігі ақ. Беткейі

шөпсіз тақыр, шоқы ұштары сүйір. Бесшоқы басталар жерінің шығысында бұлақ болған. Қазір орны су сіңді топырақ сияктанып жатыр. Бұл Бесшоқының екі жағын терең сай көмкерген.

Мәтінді оқыңыз және Қазақстан Республикасының Ата Заңымен танысыңыз.

Жеті жарғы

Қазақ ханы Тәуке халқына әйгілі билерін – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді жинап, жеті бөліктен тұратын Заң – «Жеті жарғыны» жаздырған. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, халықтарына ортақ пайдаланылған бұл «Жеті жарғыны» кейде «Жеті білік» деп те атаған. Заңның мазмұны төмендегідей:

1 – жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі талабынан туған).

2 – жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған және түркі халықтарының бірлігін сақтаудан туған)

3 – жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз адам өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғы жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілікке тыйым салған).

4 – жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын (Бұл жарғы шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5 – жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің соғыс күші ретінде бағаланды).

6 – жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін:

А) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қызыдың қалыңмалын береді.

Ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7 – жарғы. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.

Есте сақта!

Халықтан қайырымдылықты,
Қариядан байымдылықты үйрен.

Сөздік

Газдың ылғалдылығы (Влагосодержание газа) – Қойнауқаттық жағдайдағы газ бірлігіндегі су мөлшері.

Органикалық зат (вещество органическое) – негізінен тау жыныстарындағы шөгінді жыныстар құрамында кездесетін органикалық тіршілік қалдықтары.

Неологизм

Неологизм дегеніміз – қоғамның дамуына байланысты тілдің сөздік қорына енген жаңа сөздер. Мысалы: интернет, ұялы телефон, қысқа толқынды пеш, т.б. Неологизм сөздерді қазақ тілінде «жаңа сөздер» деп те атайды.

Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар: 1. Қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады; 2. Тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады. Олар тілге алғаш енген кезінде ғана жаңа болады. Кейін тілге сіңісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған кезде жаңа сөз болудан қалады. Мысалы: *космос, космонавт, спутник* деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Кейін бұлар қолданыла келе жаңа сөз болудан қалды. Жиі қолданылатын сөздердің қатарына енген бұл сөздер соңғы жылдары *ғарыш, ғарышкер, жер серігі* деген қазақтың төл сөздерімен беріліп, жаңа сөздер болып есептеліп жүр. Осы тектес жаңа сөздердің қатарына *жолсерік, ұнтаспа, жеделхат, саяжай, ермексаз, дәріс, құжат, зейнетақы, зейнеткер, сынып*, т.б. сөздер жатады.

33 – жаттығу. *Неологизм сөздерге бірнеше мысалдар тауып, сөйлем құрап жазыңыз.*

34 – жаттығу. *Неологизм сөздерді қатыстырып «Менің болашақ мамандығым» деген тақырыпта әңгіме жазыңыз.*

35 – жаттығу. *Жаңа сипатқа ие болған көнерген сөздерге мысал келтіріңіз және сөйлем құраңыз.*

36 – жаттығу. *Газет – журналдардан құрамында неологизм сөздері бар мәтін алып көшіріп жазыңыз және неологизм сөздердің мағыналарын анықтаңыз.*

Танысамыз!

Бүркіталы – Шығыс Ақтау мен Қайдақ арасындағы шағын ой. Бүркіталы Сүйінғара батырдың баласы. Бір топ сарбаздарымен 1832 жылдың ақпан айында Хиуа басқыншыларының саны басым күшімен ұрыста ерлікпен өлген. Басына артынан тастан қиып сағана там тұрғызылған. Уақыт оза ол құлап қалған соң, 2006 жылдың жазында ұрпақтары ескерткішті жаңалады.

Мәтінде берілген батырдың өмірбаянымен танысыңыз және Б.Момышұлының қанатты сөздерін жинақтаңыз.

Бауыржан Момышұлы

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының мақтанышы, жазушы, Қазақстанда құрылған даңқты Панфилов дивизиясын басқарған гвардия полковнигі.

Шымкенттегі 7 жылдық интернатты бітірген ол мектеп мұғалімі, атқару комитетінің хатшысы, милиция бастығы болып жұмыс істеді. 1932 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1936 жылы Ленинград қаржы академиясы жанындағы курсты бітірген ол Қызыл Армия қатарына қайта алынды. Ісімен, мінезімен, алғырлығымен танылған Бауыржан Момышұлы взвод, рота, полк командирі болған, 1944 – 1945 жылдары дивизия басқарған. Оның ерлігі мен қаһармандығы туралы орыс жазушысы А.Бек «Волоколамск тас жолы» повесінде жан – жақты жазды. Бұл шығарма ең алғаш баспадан жылдары) басылды.

Бауыржан Момышұлы қаламынан «Москва үшін шайқас» (1959 ж.), «Генерал Панфилов» (1963 ж.), «Куба әскерлері» (1965 ж.), «Ұшқан ұя» (1975 ж.), «Адам қайраты» (1981 ж.) кітаптары туды. Ол өмірде, қоғамда болып жатқан құбылыстарға, өзгерістерге өзінің көзқарасын білдіріп, келелі ойларын айтқан. Оның өнегелі сөздері қанатты сөздерге айналып, ел ішіне кеңінен тараған.

Ерлік. Бұл – табиғат сыйы емес, әскери тәрбиенің жемісі, ең алдымен, өзіңнің ар – намысыңды, азаматтық қасиетті, абыройыңды опасыздықпен маскара болудан сақтай отырып, ұят сезімі арқылы, Отан алдындағы парызды орындау үшін саналы түрде қауіп – қатерге бас тігуге мәжбүр болу.

Б.Момышұлы

Есте сақта!

Үйренер нәрсең – білім мен мейірімділік.

Сөздік

Мұнайдың орташа тығыздығы (средняя плотность нефти) – шоғырдың әр түрлі бөліктерінде орналасқан ұңғымалардың беткі өңірлерінен алынған газсызданған мұнайлар тығыздығының бірнеше өлшемдерінің орташа арифметикалық мөлшері.

Минералды шикізат (сырьё минеральное) – құрамынан халық шаруашылығына керекті элементтерді бөліп алуға болатын бүкіл минералдарды түзілімдерінің жалпылама атауы.

Көнерген сөздер

Қоғам дамуына орай тіліміздегі қолданыстан шығып қалған сөздерді **көнерген сөздер** дейміз. Мысалы: қорамсақ, садақ, хан, ханшайым, т.б.

Көнерген сөздердің мағынасы бірте – бірте солғындап, жоғала бастайды. Олар тек тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда ғана сол кезеңнің бейнесін көрсету мақсатында қолданылады. Көнерген сөздер мағынасына қарай екі түрге бөлінеді: 1. Тарихи сөздер немесе историзмдер – қолданылған дәуірі өтіп, ескі заманның өзімен бірге көнерген тарихи атаулар. Тарихи сөздерге ел басқарумен байланысты атаулар: хан, патша, уәзір, би, аға сұлтан, т.б., қазір пайдаланылмайтын қару – жаракқа қатысты сөздер: садақ, жебе, сауыт, найза, т.б., кеңес дәуірі тұсында қолданылған әкімшілік сөздер: қызыл отау, қызыл әскер, т.б. сөздер жатады. 2. Архаизмдер – халықтың тұрмыс – тіршілігіне, салт – сана, әдет – ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер. Архаизмдерге мата атаулары: торқа, биқасап, патсайы, т.б., әдет – ғұрып атаулары: сауын айту, ұрын бару, барымта, т.б., үй тұрмысы, киім – кешек, ыдыс – аяқ атаулары: лашық, кебеже, саптыаяқ, жаппа, шидем, т.б. сөздер жатады.

Кейбір көнерген сөздердің қайтадан жаңаратын кездері де болады. Мысалы: кеңес дәуірі кезінде қолданудан шығып қалған діни сөздер (имам, мешіт, ораза, айт, пітір, құран, т.б.), бұрынғы жыл атаулары (барыс, жылқы, қоян, ұлу, т.б.), ай атаулары (наурыз, сәуір, маусым, т.б.) еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қайтадан жаңғырып, қолданыла бастады.

37 – жаттығу. Берілген көнерген сөздердің мағыналарына түсінік беріп, сөйлем құраңыздар.

Бекзада, қызыл отау, ауылнай, уәзір, патша, ұрын бару, аэроплан, ләстек, кебіс, кісе, талыс, керсен, барымта, старшын, аға сұлтан, қосшы, шабарман, нөкер.

38 – жаттығу. *Киім – кешек және ыдыс – аяқ атауларына байланысты көнерген сөздерге бірнеше мысалдар жазыңыз.*

39 – жаттығу. *Архаизмге бірнеше мысал келтіріп, сөйлем құраңыз және олардың мағыналарын анықтаңыздар.*

40 – жаттығу. *Әскери қару – жараққа байланысты көнерген сөздерден бірнеше мысал тауып, сөйлем құраңыз.*

Танысамыз!

Дөңғара – Төрткіл мен моланың 1851 жылы әскери топограф П.В.Алексеев суретін салып, қысқаша сипаттамасын жазып қалдырған. Ел аузында Қаработа – Дөңғара деп қосарлана айтылады. Мұндағы Дөңғара осы молаға жерленген жігіттің аты, Қаработа – қыз. Екеуі бір – біріне ғашық болып қосыла алмай, қаскөйлер қолынан мерт болған, Қаработа қыз қаны тамған жерге 3 түп ағаш өсіп шыққан делінеді ел аңызында. Аңыздың Дөңғара моласынан кейінгі заттай айғағы Дөңғараның оңтүстік шығыс жағында 3 шақырым жерде айдалада қыз бұрымы сияқты өріліп бой салған 3 түп тораңғы өсіп тұр. Дөңғара деген жер аты оңтүстік Үстірттің Қарабұғазға қараған ернегінде де бар.

Мәтінмен оқып танысыңыз және қонаққа байланысты мақал – мәтелдер жинақтап жазыңыз.

Қазақтың қонақ күту рәсімі

Қазақ – ежелден қонақжай, бауырмал халық. Қазақтарда кез – келген жолаушы «құдайы қонақпын» деп келе береді. Қазақ қонағын құдайындай сыйлайды.

Қазақ халқы қонақты «арнайы қонақ», «құдайы қонақ», «қыдырма қонақ» деп бөледі. Мал сойылып шақырылған қонақ «арнайы қонақ», бір түнеп аттанатын бейтаныс жолаушы «құдайы қонақ», ал алыстан ағайын – тумалардың, құда – жекжаттардың іздеп келіп, жатып қонақтауы, «қыдырма қонақ» деп аталады.

Қазақ халқында «Құтты қонақ келсе, қой егіз табар», «Қонақпен еріп құт келеді» деген мақалдар тегін айтылмаған. Сондықтан болар үй иесі – қонағын қарсы алғанда есігін ашып, алдымен қонағын кіргізеді. Үй иесі жөн сұрап, қонағына дастархан мәзірін жасатып, қонақтың риза аттануына жағдай жасайды. Қазақ отбасында әрқашан қонаққа деген сыбаға сақталған. Жазда қонаққа арналып қой сойылса, қыста соғым етінен ас әзірленген. Ежелгі дәстүр бойынша сыйлы қонаққа пісірілген малдың басы ұсынылады. Ол «адам әлемді басымен билейді» деген ұғымды білдіреді. «Үлкеннің ақыл – кеңесін тыңдап жүрсін» деп балаға құлақ, кейде «сөзге шешен, ақылшы болсын» деп тіл, таңдай береді.

Үй иесі қонағы кетерде «бұйымтайын», осы үйден қалаған затын сұраған. Қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ел – жұрт арасын жақындата, ынтымағын нығайтады, ағайын – туысты, көрші – көлемді, үлкен – кішіні өзара сыйластыққа тәрбиелейді. Жастайынан осы дәстүрмен тәрбиеленген жастар көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтейтін, кішіге қамқор азамат болып өседі. Халқымыздың қонақжайлылығын, кең пейілін қазақ елінде болған саяхатшылар, ғалымдар, шетелдіктер жоғары бағалаған.

Есте сақта!

Өзің елді сыйламасаң,
Ел де сені сыйламас.

Сөздік

Науа (желоб) – геоморфологияда: ұзын да еңсіз тік баурайлы ойпаттар. Бұрғылауда: ұнғыманы қазу процесінде оқпаннан саз ерітінділері арқылы тау жыныстары шөгінділерінің шайылып, қазбаның ернеуінен жоғары көтерілгенде сұйықты қамбаға ағызатын ұзыншақ астауша жолы.

Пайдалы қазбалар қоры (запасы полезных ископаемых) – жер қойнауына шоғырланған пайдалы қазба кендерінің жалпылама мөлшері, тоннамен, кейде килограммен (асыл металдар), қаратпен (асыл тастар) және текше метрмен (құрылыс материалдары) өлшенеді.

Тұрақты сөз тіркесі

Бірнеше сөзден құралып, бір мағынаны беретін, бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға болмайтын сөз тіркесін **тұрақты сөз тіркесі** немесе **фразеологизмдер** дейміз. Мысалы: көзді ашып – жұмғанша деген тұрақты тіркес «тез, шапшаң» деген мағына берсе, иттің өлген жерінде деген тұрақты сөз тіркесі «алыс» деген мағына береді.

Тұрақты тіркестердің синонимдік баламалары болады, яғни оларды мағынасы жағынан жақын сөздермен түсіндіруге келеді. Мысалы: *қыздың жиган жүгіндей* деген тұрақты тіркестің синонимі – әсем, көрікті, көркем, ал *ит терісін басына қаптады* деген ұрысты, балағаттады, сөкті деген сөздерге синоним бола алады.

Кейбір тұрақты тіркестердің бір – бірімен өзара синоним болып келетіндері де бар: *азар да безер болды, ат тонын ала қашты; көз ілмеді, көрер таңды көзімен атырды, түн ұйқысын төрт бөлді* және т.б.

Тұрақты тіркестер мән – мағынасы жағынан бір – біріне қарама – қарсы, яғни антоним болып та келеді. Мысалы: *ит терісін басына қаптады* – басынан сипады, *ат ізін салмады* – ат ізін құрғатпады, *бетінен оты шықты* – беті бүлк етпеді, *айы оңынан туды* – жолы болмады, т.б.

Тұрақты тіркестер де – ойды көркемдеп, әсерлі жеткізудің құралы.

41– жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркесінің мағыналарын ашыңыздар және сөйлем құраңыздар.

Қабағынан қар жауу, көзіне көк шыбын үймелету, екі аяғын бір етікке тығу, төбе шашы тік тұрды, көз қырын да салмады, салы суға кету, сіңбіруге мұршасы жоқ, тонның ішкі бауындай, жағасын ұстау.

42 – жаттығу. Төменде берілген сөздердің мағынасын ашатындай тұрақты тіркестерді жазыңыз.

Жағымпаздану	лезде	қорқу
Көңілсіз	бұрынғы таныстар	елемеу
Бәрін біледі	сөйлемеді	таңданды

43– жаттығу. Фразеологиялық сөздікті пайдалана отырып 15 тұрақты сөз тіркесін жазыңыз және мағынасын толық түсіну мақсатында сөйлемдер құраңыз.

44 – жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің синонимдерін тұрақты сөз тіркестерінен жазыңыз.

Аузына қақпақ болу	аузын алу	ә дегенде
аузы – мұрны қисаймай	дал болу	аяғына бас ұру
бәйек болу	аты шулы	көз тастау
зәресі ұшу	әкесін таныту	көзге ілмеу

45 – жаттығу. Бір – бірімен антоним болатын бірнеше тұрақты тіркестер тауып, сөйлем құраңыз.

46 – жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, тұрақты сөз тіркестерінің астын сызыңыз және мағыналарын түсіндіріңіз.

Дәл осылай болады деген Бектің үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын. Жаңағы екпіні су сепкендей басылып, басы салбырап, екі көзі жер сүзіп, тақтаның алдына кібірткітеп әрең шықты.

Ұялған тек тұрмас дегендей, әр сөздің басын шатып, өткен сабақта мұғалім айтқаннан құлағында қалғанын там – тұмдап айта бастады. Бірақ онысы құмға сіңген судай ұзаққа бармады. Аяғының басына қарап, желкесін қасып, міңгірлеп, сөзінің аяғын жұтып, қақалып – шашалып әбден есі шықты.

Танысамыз!

Жармыш – Маңғыстау ауданындағы елді мекен, түрікмен оғыздық «йар» - жар, «мыш» - бұлақ дегенінен қалыптасқан, яғни қазақшалағанда «жарбұлақ» дегенді білдіретін сулы өңір. Шығыс Қаратаудың орталық бөлігіндегі ежелгі суармалы егін шаруашылығы қалыптасқан, суландыру жүйелері шоғырланған мекен. Көшпелі елдің алғаш отырықшылана бастаған жері. 1931 жылдан бастап серіктестік, 1953 жылға дейін «Алғабас», 1969 жылға дейін ірілендірілген Чапаев атындағы колхоздың, артынан «Бозашы» совхозының орталығы. Қазір Маңғыстау ауданындағы дербес ауылдық.

Мәтінмен оқып танысыңыз және Бекет атаға байланысты аңыз әңгімелер жинақтап, ауызша әңгімелеңіз.

Ұлыстың ұраны – Бекет

Маңғыстау, Үстірт өлкесі ежелгі мәдени және тарихи ескерткіштерге өте бай өлке. Дәуірдің белгілі бір тұсында халқытың сеніміне берік орныққан, табиғи қасиеті, таланты, адамгершілік ұлағаты, кісілік пейіл – ниеті, зерде қорының теңдесіздігі ерекшелігімен дараланған, тарыққанда жәрдем, зарыққанда демеу тұтқан адамдары болғандығы тарихи дамудан, әр халық пен тайпалардың өмір өресінен айқын аңғарылатыны бекер емес.

Ел санасына өшпестей боп орныққан Бекет ата өмірде болған адам. Ол 1650 жылы Жем өзені бойындағы Ақмешіт деген жерде туған. Өзінің қасиетті дарынымен ол елден ерекше болды. Тауды қашап жер асты мешітін салды. Бекет – ел арасында ақыл – парасатымен, имандылығымен, әділдігімен «әулие» деген атқа ие болған ірі тұлға. Оның қасиетіне, әруағына, табиғи дарынына, ерлігіне қатысты аңыз әңгімелер, шежірелер өте көп, олар ақиқаттығымен де ерекше.

Маңғыстаудағы аса киелі жер – Оғыландыдағы Бекет атаның мешіті. Ол салған мешіттер қасиетті орын есебінде қадірленіп, сақталып келеді.

Есте сақта!

Әйелі жақсыны ел сыйлар,
Тағаты жақсыны ер сыйлар.

Сөздік

Еңбекті қорғау (охрана труда) – еңбек процесінде адамның қауіпсіздігін, денсаулығының сақталуын және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін заңнамалық кесімдер, әлеуметтік – экономикалық, ұйымдық, техникалық, гигиеналық және емдік алдын – алу шаралары мен құралдар кешені.

Қоршаған ортаны қорғау (охрана окружающей среды) – тірі және жансыз табиғатты қорғау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру бойынша шаралар кешені.

Кірме сөз

Басқа тілдерден әртүрлі себептермен енген сөздерді **кірме сөздер** дейміз. Мысалы: *базар, перде, медресе, болыс, кереует, самауыр*, т.б.

Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым – қатынас жасап, аралас – құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, монғол, орыс тілдерінен көптеген сөздер кірген. Керісінше, басқа тілдерге қазақ тілінен де көптеген сөздер енді. Мәселен, араб, парсы тілдерінен енген *адам, әлем, ғылым, қоғам, білім, мектеп, тарих, әдебиет, мәдениет, пән, емтихан*, т.б. сөздердің тілімізге сіңісіп кеткені сондай, бұларды өзге тілден енген сөздер деудің өзі қиын. Монғол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс, нөкер, жарлық* сөздері, жер – су атауларына қатысты *Тарбағатай, Баянауыл, Зайсан* атаулары кірген.

Ал орыс тілінен қазақ тіліне жәшік, кереует, бөтелке, бөтеңке, шайнек, тәрелке, тұрба, т.б. сөздер енді. Бұл сөздер қазақ тілінің дыбыстық қалпына

түсіп өзгерген. Кейін, кеңестік дәуірде, орыс тілінен енген термин сөздер өзгеріссіз қалпында қолданылды: телефон, телеграф, автомобиль, т.б.

Соңғы кездері кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылды: самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, коллектив – ұжым, т.б.

47 – жаттығу. *Орыс тілінен ауысқан кірме сөздерге 10 мысал келтіріп, сөйлем құраңыз.*

48 – жаттығу. *Басқа тілдерден сауда, шаруашылық қатынастарына байланысты енген кірме сөздерге 10 мысал жазыңыз.*

49 – жаттығу. *Берілген сөздердің қай тілден ауысқанын ажыратыңыздар.*

Мағлұмат	медресе	намаз
Ғылым	айна	базар
Жәшік	сот	трактор
Клуб	институт	таразы

50 – жаттығу. *Берілген кірме сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып, көшіріп жазыңыз және сөйлем құраңыз.*

Пұл	шайыр	сарбаз
Ғибрат	ғұлама	пешене
Жарлық	пән	құн

Танысамыз!

Шайыр – Батыс Қаратаудың терістігіндегі жер, мекен. Екі түсіндірмесі бар. 1. Түркі тілінің оғыз – селжук диалектісінде «Чай, шай» - су, сулы сай, ал «ир, иір, йер» - жер, яғни «сулы жер» дегенді білдіреді. 2. монғол – қалмақ тіліндегі «сайыр» (шайыр, сиыр) – «құрғаған су арнасы не малта тас» сөзінен шыққан.

Мәтінмен оқып танысыңыз және мазмұнын ауызша әңгімелеңіз.

Түркістан

Түркістан – ата-бабаларымыздың көне қаласы. Ол Қаратау мен Сырдария өзенінің ортасына орналасып, Ұлы Жібек жолының бойында жатқан. Бұл ежелгі қалаға тізілген қоңыраулы керуендер батыстан да, шығыстан да келіп жататын болған.

Монғол жаугершілігінен кейін қала Түркістан атанды. Түркістан “түріктер мекені” деген сөзді білдіреді.

Ертедегі сақ дәуірінен бабаларымыз түрік тайпасының бір бұтағы болған. Олар Отырар, Тараз, Түркістан секілді қалаларды салған. Бұл қалаларда шәкірттер оқитын медреселер ашылған. Сондай бір ғажайып медресе – мектеп Түркістанда болды. Медресенің бас мұғалімі – ақын Қожа Ахмет Яссауи еді.

Атақты Әмір Темір Қожа Ахметтің ақындық сөзінің қасиетіне таң қалды. Көшіп – қонып жүрген қазақтар Әмір Темірдің қылышынан қорықпайды, ал ақынның уағыз сөзіне сенеді. Осыған орай Әмір Темір Қожа Ахметтің

құрметіне дүние жүзінен ұста, зергер, сәулетші, өнерпаздарды жинап, баяғыда қаза болған ақын зиратының басына ғажайып ғимарат орнатуға жарлық береді. Ғимаратты тұрғызу үшін мыңдаған адам қатар тұрып күйген қышты бір-біріне қолдан беріп, алыстан осы әдіспен жеткізген. Құрылыс іргесін үйір-үйір жылқы айдап, мал тұяғымен бекітеді. Ғимарат әр түрлі бөлмелерден тұрады. Солардың бірі – “қазандық” деп аталатын бөлме. Осы бөлмеде салмағы екі тонна болатын үлкен қола қазан орнатылған. Қазанды Әбділәзиз деген шебер Қарнақ деген жерде құйған. Оған жеті жылқының еті сияды. Ернеуінде қазанды құйған ұстаның есімі араб тілінде жазылған.

Түркістандағы ғажайып ғимарат он жыл көлемінде салынып бітті. Сәулетті шебер ұста Ғұбайдулла Садар жүргізді. “Ол өз шеберлігіне өзі риза болып, сағананың ең биік басынан жерге түспей қойыпты. Ақырында, сол арада өлген екен” деген де аңыз бар. Өзінің өтініші бойынша зергер денесін күмбездің қыр арқасына қыштың астына қойып өріп жіберген екен деседі.

Есте сақта!

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

Сөздік

Ағымдағы жөндеу (текущий ремонт) – жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөлшектерді ауыстыру немесе қалпына келтіруден және оларды реттеуден тұратын пайдалану үрдісінде орындалатын жөндеу.

Қосалқы бөлшек (запасная часть) – жабдықтың жұмысқа жарамдылығын ұстап тұру немесе қалпына келтіру мақсатында жабдықтың пайдаланудағы бөлшегін ауыстыруға арналған дәл сондай басқа құрамдас бөлшегі.

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы

Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы **тура мағына** деп аталады. Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір – бірінен айыра аламыз. Мысалы: *жер, орман, кітап* деген сөздер заттарды атаса, *биік, жылы, жақсы* деген сөздер сапаны білдіреді, ал *бару, салу, оқу* деген сөздер қимылды атайды.

Сөздер әрқашан тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті **ауыспалы мағыналары** да болады. Лексикалық мағынаның бұл түрін туынды мағына деп атайды. Мысалы, көз – адамның немесе жан – жануардың көру мүшесін білдіретін оның бастапқы тура мағынасы да, күннің көзі, бұлақтың көзі дегендегі көз – оның ауыспалы мағынасы. Тіл сөзінің бастапқы тура мағынасы – адамның басында орналасқан дене мүшесі, ауыспалы мағынасы – ана тілі, орыс тілі дегендегі беретін мағынасы.

Сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады.

51 – жаттығу. *Өлеңді көшіріп жазыңыз және ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздер мен сөз тіркестерін тауып, астын сызыңыз.*

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп – тегіс жұмыр келсін айналасы.
... Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?!

(Абай)

52 – жаттығу. *Берілген сөз тіркестерін тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазыңыз.*

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.
2. Терең сай, терең білім, терең адам, терең құдық, терең су, терең сезім.
3. Долы дауыл, долы күш, долы жел, долы адам, долы теңіз.

53 – жаттығу. *Мәтінді көшіріп жазып, ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздердің астын сызыңыз және мағынасын түсіндіріңіз.*

Бұл жүйрік белгілі халық ақыны, әрі әнші, әрі сазгер, өнер қайраткері Кенен Әзірбаев еді. Ол – Жамбылдың әрі шәкірті, әрі жолдасы, әрі замандасы. Кененнің ағасын сыйлауында, құрметтеуінде, өзіне пір тұтуында шек жоқ. Ол кісі осы күнге дейін Жәкеңмен сан рет жиын – тойда, айтыстарда кездескенін аңыз етіп айтып отыратын. Оның мұндай әңгімесінде досқа сүйсіну, мақтаныш сарыны жатады. Аға істеген асыл істерді іні көріп қуанған. Бас ұстаз санаған адамды Кенендей сүйген жанды көрсем, кеудесіне әрең сыйып тұрған алып жүрегі бар екен дер едім.

54 – жаттығу. *Мақалдарды оқып, ауыспалы мағынадағы сөзі бар мақалдарды көшіріп жазыңыз.*

1. Ғаламның шырағы – күн, адамның шырағы – білім.
2. Қалауын тапсаң, қар жанар.
3. Сөз де – кілт, көңіл құлпын ашады.
4. Қанағат – денсаулық көзі.
5. Еңбек адамның бағын ашады, спорт адамның әрін ашады.
6. Күннің шуағы жылы, ананың құшағы жылы.
7. Адал достық – алтыннан қымбат.
8. Білімі бар, білігі жоқ.
9. Әмірші де анадан туады.
10. Есесі қайтпас еңбек жоқ.

Танысамыз!

Қошақ – Каспий теңізінің Бозашы мен Маңғыстау түбектері арасына сұғына еніп жатқан шығанақ. Шығанақ басын оңтүстік батысында 17 шақырым созылып, аяғы жұтпа батпақпен бітетін еңсіз сордан алады. Ені 2, ұзыны 5 шақырым. Бірақ теңіз деңгейінің ауытқуына байланысты шығанақ көлемі өзгермелі. Оңтүстік жағасы батысқа қарай Ақтау тауының етегін шаяды, солтүстік батысын Бозашы түбегі көмкеріп жатыр.

Мәтінмен оқып танысыңыз және Бейбарыстың бейнесін дәріптеу мақсатында қазақ жерінде қандай шаралар жасалғандығы туралы ізденіп әңгімеленіңіз.

Сұлтан Бейбарыс

Тарихи деректерге қарағанда Бейбарыс 1225 – 1277 жылдары өмір сүрген мамлюктердің төртінші сұлтаны, Мысыр елінің билеушісі, аса көрнекті әскербасы. Бейбарыс Еділ – Жайық бойының перзенті, руы – Беріш. Әкесінің аты – Жамақ, шешесінің аты – Әйек. Ол жас кезінде жаугершілікте қолға түсіп, Дамаскіде құлдыққа сатылады. Зорлық – зобалаң мен ұрып – соғудың небір қиындығына шыдаған сарғылт шашты, қатқыл дауысты, өткір мінезді жігіт болып өседі. Бейбарыс әскерт қабілеті мен дарынына байланысты мемлекет жасағына мүше болып, кейін мемлекет әміршісіне дейін өседі. Мамлюктердің төртінші сұлтаны болған ол Мысыр елін 17 жыл билейді. Ол Әл – Мәлік әз – Заһир Рукн әд Дин вәд Дин Бейбарыс – әл – Бундуккари әс Салиһи деген мұсылманша атқа ие болады. Оның мағынасы – дүниедегі әділдік рухын ұстанатын Бундуккари әулетіндегі (сатып алған көпестің аты) Салық сұлтанның жасағы – Бейбарыс деген сөз.

Бейбарыс шын мәнінде әділдікті ту қылып ұстаған билеуші, парасатты мемлекет қайраткері болды. Оның тұсында жүзжылдық қырқысудан кейін уақытша Египет пен Сирияда тәртіп орнады. Өзінің жер өңдеу мен саудаға ерекше көңіл бөлуінің арқасында елдің тұрмыс жағдайын жақсартты, халықты қайыршылықтан құтқарды. Қара халықтың мұң – зарына әрдайым құлақ түрді, олардың сүйіспеншілігіне бөленді.

Бейбарыс көптеген каналдарды, кеме жасайтын, жөндейтін орындарды және әскери – соғыс қамалдарын қайтадан салдырды. Оның әскери жорықтары ұлы жеңістерге жетті.

Ұлы Сұлтан Бейбарыс өз уәзірі, қыпшақ мамлюгі Қалауынның қолынан қаза тапты.

Құлдықта жүрген қаршадай ұлдан араб халқының аңыз – ертегісіне айналған батыр, көреген қолбасшы, әділ падишах, Шығыс пен Батыстың ортасына дәнекер – дипломат болған әділ басқарушы шықты.

Есте сақта!

Өзіңді –өзің тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек.

Сөздік

Соқпалы – айналмалы бұрғылау /бурение ударно – вращательное / – ұңғыма оқпанындағы тау жыныстарын уату құрама әдістер көмегімен, яғни

бұрғылау жабдығын соққылау және айналдыру нәтижесінде жүзеге асырылатын бұрғылау түрі.

Шекті күй /предельное состояние/ – жабдықтың одан әрі пайдалануға жол беруге болмайтын немесе ол нысаналы болмайтын яғни оның жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін емес күй.

Көп мағыналы сөздер

Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің **көп мағыналылығы** немесе **полисемия сөздер** дейміз. Көп мағыналы сөздер бір негізден таралады да, бір сөз табына қатысты болады. Мысалы: Бас (зат есім) – 1. Адамның, айуанның, жәндіктің дене мүшесі; 2. Шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы; 3. Өзеннің, бұлақтың басталған жері; 4. Таудың ең үсті, төбесі; 5. Таяқтың ұшы; 6. Балтаның, шоттың жүзі бар жағы; 7. бір нәрсенің басталған уақыты, т.б. Ата (зат есім) – 1. Үлкен әке, әкенің әкесі; 2. Ата жолы – ескіден қалған жөн – жоба, әдет – ғұрып; 3. Ата жұрт – ежелгі мекен; 4. Ата кәсіп – атадан келе жатқан шаруашылық, т.б.

56 – жаттығу. *Берілген көп мағыналы сөздердің мағыналарын ашу мақсатында сөйлемдер құраңыз.*

Көз	түп	төркін
Бет	қану	құлақ
Аяқ	кілт	түбір

57-жаттығу. *«Сөздің көп мағыналылығының тіліміздегі ролі» деген тақырыпта әңгіме жазып, өз ойларыңызды ауызша әңгімелеңіз.*

Танысамыз!

Күркіреуік – Жармыштың оңтүстік шығыс жағындағы 8 шақырым жердегі Қаратаудың солтүстікке қарап ағып жатқан бұлақтары. Тау етегінің топырағы сортаң сазды. Қаратауды жиектей сұлап жатқан сарғылт түсті тасты жыныстан тұратын қырат жарылып аңғар түзейді. Осы жерден бөгет салынып, тоспа жасалған. Госпадан Төменқарайғы сай аяғы 6 шақырым жерден Қамысты қапысының басынан қосылады. Күркіреуік сайында аз мөлшерде шашырай орналасқан алтын кені бар. Ауызекі тілде бұл өңір Күркіреуік – Жармыш деп қосарлана айтылады.

Мәтінмен оқып танысыңыз және мазмұнын ауызша баяндаңыз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – аса көрнекті қазақ геологі, ғылым, қоғам қайраткері. Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы және оның тұңғыш Президенті. Оның ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. Әсіресе, пайдалы қазбалардың болжам карталарын жасаған Қ.Сәтбаев – Қазақстандағы металлогения мектебінің негізін қалаушы. Ол қалдырған бай ғылыми мұралардың ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің мәні ерекше. Қ.И.Сәтбаев басшылығымен жүргізілген кешенді зерттеулердің

нәтижесінде Жезқазғанның ақиқат қоры бұрынғы белгілі өндірістік қорынан 2,5 есе көп екені анықталды.

Қ.И.Сатбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аудара зерттеді. Ол мыстан басқа Қарсақбайда темір, Жездіде марганец, Байқоңыр мен Қияқтыда көмір, Қорғасында қорғасын кендерін ашып барлады.

Қ.И.Сатбаев Қарағанды металлургиялық зауытын салуда, Қостанай мен Алтайдың көптеген кендерін, Қаратаудың фосфорит кендерін, т.б. көптеген ірі объектілерді игеруге тікелей араласып, зор еңбек сіңірді.

Есте сақта!

Мәдениет дегеніміз – біздің Адам екенімізді айғақтайтын басты атрибут.

Сөздік

Магистральді мұнай құбырын пайдалану (эксплуатация магистрального нефтепровода) – мұнайды қабылдау, қотару, тапсыру, ММҚ объектілерін техникалық күту, анықтау және жөндеу процестерінің жиынтығы.

Шашыранды газдар (газы рассеянные) – тау жыныстарында дербес қалыпта әртүрлі шоғырлар немесе шағын шоғыршалар түзетін газдармен салыстырғанда кез – келген тау жынысы құрамында сорылған, еріген күйде өте аз мөлшерде ұшырасатын газдар атауы.

Табу

Халықтың наным – сенімі мен салт – дәстүріне байланысты атын тура айтуға тыйым салынған сөздер **табу** деп аталады. Табу сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Қазақ тіліндегі табу сөздердің тууына екі жағдай себеп болған:

1. Қазақы әдет – ғұрып бойынша қазақ келіндері қайын жұртындағы үлкен болсын, кіші болсын туыстарының атын атамайтын болған. Сондықтан келіндер әркімнің жақындық жолына, мінезіне, әрекетіне, сыртқы болмысына лайықты ат қойған. Мәселен, қайын сіңілілеріне *шырайлым, еркежан, бикеш...* десе, қайныларына *шырақ, мырза жігіт, төре жігіт*, т.б. деп ат қойған. Осы ретпен абысын - ажын, қайын – қайнаға, нағашы – жиендерге де ат қоятын болған.

2. Ежелгі наным бойынша табиғаттағы адамға зиян келтіретін жыртқыш аңдар мен қорқынышты құбылыстардың, жұқпалы індеттердің атын атауға тыйым салған. Егер атын атаса, олар адамға жақындайды деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан халық мұндай нәрселердің атын бұрмалап, тұспалдап айтқан. Мысалы, жай түсудің апатынан сақтанып, жайдың атын атамау үшін оны «жасыл» деп атаған. Шешек ауруының атын атаудан қорқып, оны «қорасан» деген. Қасқырдың атын тура атасақ, естіп қалып малымызға шабады деп сескеніп, оны «ұлыма» немесе «ит – құс» деп атаған.

58 – жаттығу. Мәтіннен табу сөздерді табыңыздар және мазмұнын ауызша баяндаңыздар. Осыған ұқсас мағынада табу сөздері бар тағы да қандай әңгімелер бар екенін ізденіңіз.

Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Бір күні ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме – дүкен құрып отырады. Бір кезде ауыл иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта жүрген келінге;

- Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, – деп жұмсайды.

Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю түлкіні қуалап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта енбек болған келін кенет: «Япыр – ау, мұның бәрі аталардың аты ғой, қалай айтсам екен?» – деп қысыла ішке енеді.

- Иә, балам, иттер неге үріпті? – деп сұрайды ақсақалдардың бірі. Сасқалақтаған келін:

- Ауыл сыртындағы аршалы бетте атекем жәкемді зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы тәтекемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр, – депті.

Танысамыз!

Торқаның төрткілі – Ақбота руынан шыққан Қозыбай байдың ұлдан кейін көрген кенжесі Торқа сұлудың атына қойылған. Қозыбай бай қызын ұзатарда құда жаққа 2 шарт қойған. 1 – қызына қалың мал алмайды. Оның орнына бұл жақта кірме болып жүрген Серім деген жігітті киімді бала етіп алады. 2 – қызының беті бұрын адам аяғы баспаған таза, көрікті жерде ашылып, тойы сонда өтуі керек. Құда жақ екі шартты да қабылдап, соңғысы бойынша басында Торқа келін болып түсіп, тойы өткен әсем оқшау төрткіл Торқаның төрткілі аталған.

Мәтін мазмұнын ауызша баяндаңыз және Қорқыт атаға қатысты аңыздар жинақтаңыз.

Қорқыт ата

Қорқыт ата – атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Бірқатар зерттеулерде Қорқыт ата Сыр бойындағы оғыздардың астанасы Жанкент қаласында 8 – 9 ғасыр аралығында өмір сүргендігі туралы айтылады. Үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарған. Қорқыт ата әлеуметтік жора (заң негізі) жасап, оны: ата – баба жасаған мекенді ұйық деп білу, оны сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер – суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау – жанжалды ақылмен шешу, кінәлі болған адамды жазалау сияқты салаларға бөлді. Ел ішінде «Қорқыт ата айтты» деген мәтелдер жиі кездеседі. Ол Инал ханның ұлы басшысы, ақылшысы, бас уәзірі болып, 95 жасында дүние салған. Сонымен қатар Қорқыт түркі халықтары эпосының негізін салушы жырау болып саналады.

Ел аузындағы аңыз бойынша, ең алғаш қобыз жасап, жаратылыс үнін күй қылып сөйлеткен адам – Қорқыт ата. Ол күй тартқанда табиғат тынышталып, ұшқан құс, жүгірген аң – барлық тіршілік иесі үнсіз тыңдайды екен. Ол бірінші боып тағдырға қарсы тұрып, мәңгі өлмейтін өмір іздеді.

Қорқыт атаның тек асқан күйші емес, қазақ сазының, ән – күй өнерінің атасы, оның шын мәніндегі күйші – сазгері болғандығы ел ішінде сақталған «Қорқыт күй», «Қорқыт сарыны» т.б. саздық шығармалары дәлелдеді. Оның саздық мұрасынан бізге оннан астам күйі жеткен. Ол күйлердің тоғызы соңғы бақсылардың бірі, белгілі қобызшы Нышан Шәменұлынан жазылып алынды. Қорқыт күйлері күрделі емес, қысқа сарынды шығармалар. Олар – әуезді, сазды, философиялық мән – мағынасы терең күйлер. Күйші өз туындыларында өмір жайлы толғанып, даналық ақыл – өсиет айтқан.

Есте сақта!

Ізденсе, талаптанса, қолдан келмейтін нәрсе жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, өнердің соңына шырақ алып түспеген адамның жұмысы берекелі болған емес.

Сөздік

Мұнайдың күлділігі (зольность нефти) – мұнайды жаққанда бөлінетін күл мөлшерімен өлшенетін сол мұнайдың химиялық сипаты.

Ұңғыманың тұмшалану дәрежесін сынамалау (испытание герметичности скважины) – шегендеу тізбегінің тұмшалану дәрежесін оны сыққыштау және ұңғымадағы сұйық деңгейін төмендету арқылы тексеру.

Эвфемизм мен дисфемизм

Ойды сыпайы, ідепті, жағымды етіп жеткізу мақсатында қолданылатын сөздер **эвфемизм** деп аталады. Қазақ тілі эвфемизмге бай тіл болып есептеледі. Бұл, біріншіден, халқымыздың тілге асқан жауапкершілікпен қарағанына дәлел бола алады. Екіншіден, эвфемизмдер тілдің сөз байлығын, синонимдердің молдығын көрсетеді. Мысалы, «мылжың» деудің орнына «сөзуар», «өтірік айту» дегеннің орнына «қосып айту», «ұрланды» дегеннің орнына «қолды болды», «ұрлық жасамау» дегеннің орнына «ала жібін аттамау» деген сөз тіркестері, «өлді» деудің орнына «о дүниеге аттанды, жан тәсілім етті, қайтыс болды, дүние салды» деген сияқты сөздер мен тұрақты тіркестер қолданылады. Эвфемизмдер – ойды бейнелеп, көркемдеп жеткізудің бір тәсілі.

Ауызекі сөйлеуде адамның эмоциялық жағымсыз көңіл – күйі мен ішкі мәдениетінің төмендігі салдарынан қолданылатын дөрекі, әдепсіз сөздер **дисфемизмдер** деп аталады. Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама – қарсы құбылыс. Дисфемизм кеміту, қорлау, іске жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы, қырт, қыртпа, т.б. Дисфемизмдер әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдарды мәдениеті төмен, әдепсіз адамдар деп есептейді. Бұлар көркем шығармада ұнамсыз кейіпкерлердің тілінде ұшырасады.

59 – жаттығу. *Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – ертегілер мен аңыз – әңгімелерден эвфемизм және дисфемизм құбылыстарына мысалдар жазыңыз.*

60 – жаттығу. *Берілген сөздерді эвфемизммен ауыстырып жазыңыз және сөйлем құраңыз.*

Ұры, өсекші, қырт, саңырау, соқыр, ақсақ, мылқау, топас, жынды.

Танысамыз!

Ақбұлақ – 1. Шошқакөл жанындағы суы мол, сулы бұлақ. Қалың қамыс өскен терең сай бойынан етекке қарай ағып жатқан. 1839 жылы полковник Геке (кейіннен ген – майор, Орал казак әскерінің атаманы) Ақбұлақтың ортадағы бұлағын таспен шегендетіп үлкен суат жасатқан. Ақбұлақ – кезінде жанындағы Шошқакөлдегі орыс бекінісі үшін негізгі су көзі болған. 2. Төлеп теміржол бекетінің батысындағы Үстірт ернегіндегі бұлақ. Басында 1986 ж. топырақтан үйіп жасалған ықтырма қора бар. Ақбұлақ аталған су көздері Маңғыстау жерінде жиі кездеседі.

Мәтін мазмұнын Әбу Насыр әл – Фараби туралы аңыздармен толықтыр.

Әбу Насыр Әл – Фараби

Әбу Насыр ибн Мұхаммед – Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданының территориясындағы Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. Ол кәмлетке толғанда Бағдад, Алеппо, Дамаск қалаларына барып тұрды. Ғылымға сіңірген еңбегіне қарай данышпан ойшылды көзінің тірісінде – ақ Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атады. Ғалым – энциклопедист және философ әл – Фараби ұрпақтарына орта ғасыр басындағы білімнің барлық салаларын қамтитын орасан зор мұра қалдырды. Әбу Насыр әл – Фараби түрік, араб және парсы тілдерін жетік білді, латын, грек, санскрит тілдерінде емін – еркін сөйлеп, жазған. Бізге оның әлемнің көптеген тілдерінде жазылған және аударылған елуден астам шығармалары жеткен.

Ол бірінші болып әлемде жан туралы ілімнің үйлесімді жүйесін баяндап берді. Ол сондай – ақ өз еңбектерінде физика мен математиканың, медицинаның, психологияның, педагогиканың және саздың теориясын қарастырды. Дүние жүзіне танымал оның негізгі шығармалары: «Данышпандық геммалары», «Рақымшыл қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат», «Ғылымды жіктеу туралы трактат», «Астрология», «Музыка туралы үлкен кітап», т.б.

Есте сақта!

Адамға тіл, құлақ қандай керек болса... білім де сондай керек.

Сөздік

Қойнауқаттық мұнай (пластовая нефть) – өзіне ғана тән қойнауқаттық қысым мен температура жағдайында мұнайлы қойнауқатта шоғырланған сұйық және газ түріндегі көмірсутектер қоспасы.

Қуыстылық (пустотность) – тау жынысында кеуектерден, ұралардан, жарық-тар мен жарықшақтардан тұратын қуыстардың болуы. Синонимі – жинауыштың сиымдылығы.

Студенттерге өз бетімен оқуға арналған мәтіндер

I.Туған өлке тарихы сыр шертеді

Маңғыстау – қазыналы түбек

Маңғыстау – Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік батысындағы ірі аймақтырының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазыналы түбек.

Маңғыстау облысы – 1973 жылы наурыздың жиырмасында құрылған. Кезінде «Маңғышлақ» деген атпен өмір сүрген бұл өлке 1988 жылы 2 маусымда таратылып, 1990 жылдың 17 тамызында тарихи Маңғыстау деген атымен қайтадан облыс болып құрылды. Орталығы – Ақтау қаласы.

Үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстау қайталанбас табиғат өлкесі, қазаққа құтты қоныс болған жер.

Бүгінде Маңғыстау іргелі өлке. Қайталанбас табиғаты, есепсіз байлығы бар өлке. Ол ұйқыдағы ару еме, ұйқыдағы алып батыр өлкесі. Сол кәрі

Маңғыстаудың өне бойында тұнып тұрған тарих пен аңыздарды ұзақ – сонар жолдар, құдықтар мен зираттар сыр ғып шертеді.

Маңғыстаудың географиялық орны

Маңғыстау – Қазақстанның оңтүстік – батыс бөлігінде орналасқан. Бүкіл жер шары көлемінде алып қарағанда Еуразия құрлығының ортасында, Еуропа мен Азияның түйіскен өңірінде жатыр.

Маңғыстау облысының ең биік нүктесі – Шығыс Қаратау жотасында Бесшоқы тауы, биіктігі теңіз деңгейінен 556 м жоғары. Ал ең төменгі нүктесі –

Қарақия (Батыр) ойпатының түбі, ол теңіз деңгейінен 132 м төменде жатыр. Жалпы бұл ойпат өзінің тереңдігі жөнінен дүниежүзінде 5 орын алады.

Облыстың солтүстік – батысы мен батысында Каспий теңізі, оңтүстігі мен шығысында Түрікменстан мен Өзбекстан мемлекеттері орналасқан.

Маңғыстау – қазақ елінің теңіз қақпасы. Ол арқылы Иран, Әзірбайжан, Түрікменстан және Ресеймен байланыс жасалынады.

Маңғыстаудың зерттелінуі.

Маңғыстау – қазақ халқының көне заманнан қоныс тепкен жері, яғни атамекені.

Біздің заманымызға дейінгі 129 жылы із шалған Шығыстан Батыс елдеріне бет түзейтін «Ұлы Жібек жолының» бір тармағы ретінде Маңғыстау түбегі мен Үстірт арқылы өтетін (Хазардан Хорезмге дейінгі) керуен жолы пайдаланылыпты. Ал Маңғышлақ деген атау IX ғасырдан бастап кеңінен қолданылған.

Маңғыстау ХУІІІ ғ.басынан бастап Ресей империясының өмірлік мүддесі бар аймаққа айналды. 1716 ж. Александр Бекович – Черкасский бастаған орыс әскерлері Түпқараған және Кендірлі – шығанақ жерлерінде әскери бекіністер салды. 1834 ж. Г.С.Карелин басқарған отряд Каспий теңізінің шығыс бөлігінде Өлі Қолтық, Қайдақ шығанақтарын картаға түсіріп, сол жылы Қызылтас маңында Новопетровск бекінісін салды. 1845 ж. М.И.Иванин қазіргі Форт – Шевченко қаласының іргетасын қалады. Маңғыстаудың ғылыми түрде зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың соңғы кезеңінен күшейе түсті.

Маңғыстау атауының шығу тегі туралы

«Маңғыстау» сөзінің шығу тегі туралы тұжырымдар баршылық. Солардың бірі – көшпелілердің құтты мекені, «мың ауыл» немесе «мың қыстау» деген пайымдама. Кешегі күні түбек мұнайының игерілуіне байланысты осы теңеу «Маңғыстау – мыңдаған жолдар өлкесі» деп те айтылды.

1985 ж. жарық көрген Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер – су аттары сөздігі» деген кітабында Маңғыстау атауының шығу тегі туралы 4 болжам жинақталып берілген. 1. Өлке аты «мың» және «қыстау» тіркесінен шыққан. 2. ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан. 3. Көне түркі тіліндегі «ман» (төрт жастағы қой) сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасқан. 4. Е.Қойшыбаевтың өз болжамы – «Маңғыштағ» - «құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді. Маңғыстауды «маңғыш» - «тау» - қорқынышты алып айдаһардың

мекендеген тауы дегенді білдіреді деп тоқтам жасауға толық негіз бар. Себебі, Қаратау жоталары бірнеше қашықтыққа созылып жатыр және ең енді жері 10 – 11 км-ден аспайды. Өсімдік жамылғысы жоқ, үсті толқынды тегістелген бедерлі болып келетін таулардың түсі қара – көк болып келеді. Егер де екі жағындағы Ақтау биігінен көз салсақ, сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар алып жыланға, айдаһарға ұқсайды. (С.Қондыбаев «Маңғыстау географиясы»)

Маңғыстаудың жер – су атаулары

Жер – су атаулары табиғи ортаның тұрақты құраушыларының қатарына жатады. Атаулар кез – келген жердің, объектінің сыртқы сипатын, ішкі сырын көрсете алады. Маңғыстауда тұрған қалмақтар мен ноғайлар да, кейінгі орыстар да аз да болса жаңа жер – су аттарын (Форт -Шевченко, Керел, Онды) өмірге келтірді.

Маңғыстаудың құрғақ климат жағдайында жер атаулары да осы су төңірегіне байланысты жиі қойылды(Қарақұдық, Ащықұдық, Ақсу,т.б.). Жер бедеріне, өсімдікке байланысты (Жыңғылды, Қияқты, Жиделі,т.б.), жан – жануарларға (Түлкілі, Бөрібас, Арыстан) байланысты қойылған. Адам атаулары қазған құдығына, болған оқиғаға қарай қойылған (Мәмішқазған, Жаңайқазған, Күйкенұшқан). Маңғыстау халқы үшін киелі жерлер болып саналатын Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата атаулары да бар. Тарихта аты қалған адамдардың есімі осы топонимика арқылы сақталып отыр. Сам құмы – шоңай руынан шыққан зерттеу экспедициясына жол көрсетуші кісі атынан, Бейнеу жергілікті бай кісінің атынан қалыптасса, Сайөтес, Төлеп, Тұщыбек, Жетібай да өлкенің белгілі адамдарының атынан, ал Уәлі, Қырықкез, Қошақ – ноғай батырларының, Онды – қалмақ тайпасы Даян Омбы, Өрдек – қалмақ батыры – Хо – Урлюктің, Керел – орыс байы Кириллдың атынан шыққан.

Маңғыстау байлықтары

Маңғыстауда тек мұнай мен газдан басқа да кен байлықтары мол. Соның бірі әктас (ракушечник). Оның қоры шексіз мол мөлшерде. Физика механикалық қасиеттері Оңтүстік Украина және Қырым тастарынан жоғары болып келеді. Түстері қызыл, мрамор түсті ақ, буалдыр көкшіл, ақ сары, жасыл малахит түсті болып келеді. Әктас көп жерде пайдаланылатын құрылыс материалы. Маңғыстауда құрылысқа өте керекті бор мен құмды ізбестің (мергель) қоры да бар. Саздың түрлері де жеткілікті. Шыны ыдыс жасауға өте жарамды бентаниттің де қоры кездеседі.

Маңғыстауда өзен сулары болмағанмен жерасты, оның ішінде шипалы сулардың көзі мол. Олар бромды, хлоридті, натрийлі, күкіртті болып келеді. Бұл сулар көптеген Кавказ суларынан кем түспейді және 20 шақты аурудың түріне ем болады.

Маңғыстаудан көмір кені де табылып, 1944 жылы Таушық жерінен 18 мың тонна көмір өндірілді. Таушықтың көмірін тиімді пайдалану болашақтың ісі. Маңғыстауда сирек кездесетін қымбат стратегиялық металын алуға мүмкіндік беретін целестин және мыс кен орындары да бар. Уран кен орны ашылған соң

құрылған тау – кен металлургия комбинаты уранмен қатар сирек кездесетін құнды металдарды да шығарды.

Каспий теңізі

Каспий – дүние жүзіндегі ең үлкен ағынды көл. Оның қазіргі ауданы теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты нақты анықталмаған, ал 1977 жылы 371 мың км болды. Жаға сызығының ұзындығы 7 мың км, оның 1,7 мыңы Қазақстанға, 1,1 мыңы Маңғыстау облысына кіреді. Каспий теңізін қазақтар «Атырау теңізі» десе, Маңғыстау түрікмендері «Хазар теңізі» деп атаған. Әр кезеңде оның Гиркан, Хвалын, Абескун, т.б. атаулары қолданылған.

Каспий теңізінің маңғыстаулық жағалауы шөлді аймаққа жатады, солтүстік жағалауы жазық, аласа болып келсе, Бекдаштан Сарытасқа дейінгі батыс жағының көп жері тік жарлауытты болып келеді. Теңіздің орташа тұздылығы 12%, Маңғыстау жағалауында 10 - 12% болады. Оның тұздылығы жыл мезгілдерінде өзгеріп отырады. Қыс айларында солтүстікте мұз қатады. Каспий теңізінде

Каспий теңізінің ресурстары

Каспий теңізі балыққа бай. Бекіре, сазан, шортан, пілмай, қаракөз, мұңгірт, ақ балық, албырт, судақ, майшабақ, шоқыр, миного, кефаль, т.б. жалпы саны 30 астам кәсіптік балықтар мекендейді. Каспий итбалығы – үлкен шаруашылық маңызға ие. Оның кейбірінің салмағы 80 кг дейін жетеді. Бағалы балықтар арасында бекіре (қызыл балық) уылдырығы дүние жүзілік өнімнің 80% береді.

Маңғыстау халқының өмірінде теңіздің ролі үлкен. Ақтаудағы су тұщыландыру қондырғысы (тәулігіне 130 мың м) облысқа қажетті судың 4/5 беріп отыр.

Геологиялық ізденістер Каспийдің Маңғыстаулық қайраңынан (шельфінен) мұнай – газ қорының бар екенін растады. Бұл – дүние жүзілік маңызы бар қоры жөнінен Парсы шығанағынан кем түспейді.

Маңғыстаудың арасан және ыстық сулары

Арасан және ыстық сулар – емдік қасиетке ие сулар болып табылады және олар біздің өлкемізде де кездеседі. Мұндай суларға құрамындағы қатты заттардың мөлшері 1г/л асатын немесе көмір қышқыл газы, басқа да пайдалы микроэлементтерге ие, температурасы +20С-тан асатын сулар жатады.

Маңғыстау облысында әзірге Құрық және Ақтау қаласы жанындағы «Тазтөбе» сулары пайдаланылады. Құрық суының температурасы 69 – 70С, 1000 м тереңдіктен шығады, оның суымен «Қарақия» емдеу мекемесі жұмыс істейді.

Соңғы кезде геологиялық ізденістер нәтижесінде Шетпе маңында «Көгез» минералды суы табылды. Осындай жер асты сулары Қорғанбай, Жоласқан – Еспелісай, Дөңге, Солтүстік Үстірттегі Арыстан, Қарақұдық, Терең, Ұялы, Арнасай жерлерінен де табылып отыр.

Маңғыстаудың жануарлар дүниесі

Маңғыстау өлкесі жануарлар дүниесіне кедей. Қазақстанда кездесетін 163 жабайы аңның 44 осы аймақты мекен етеді, ал оның 9 Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (қарақұйрық, үстірт қойы, т.б.). Ірі жануарларға муфлон – үстірт қойы, киік, қарақұйрық, қарақал, мәлін, қасқыр, құм мысығы, түлкі, қарсақ, т.б. жатады. Үстірт қойы – арқардан екі есе кіші, үстірт ернектерінде ғана мекендейді. Шөлдің тұяқтыларына тән ортақ қасиет олардың жүйріктігі. Киіктер мен қарақұйрықтардың жылдамдығы 80 км/сағ дейін жетеді.

Маңғыстау жерінде мысық тұқымдастардан барыс(гепард), қарақал, құм және дала мысықтары, мәлін бар.

Бауырымен жорғалаушылардан кесірткенің 17 түрі, жыланның 9 түрі, тасбақаның 1 түрі кездеседі. Жыландардың ішіндегі улылары – теңбіл жылан, оқ жылан және қалқантұмсық болып табылады.

Маңғыстауда 150 құс түрі мекендейді немесе уақытша маусымдық ұшу кезінде аялдайды. Оның ішінде 44 құс түрі Қызыл кітапқа енгізілген.

Маңғыстау құдықтары

Маңғыстау құдықтары - өлкенің көпшілік түпкірінің негізгі су көздері болып табылады. Құдық адам қолынан шыққан болғанмен, Маңғыстау табиғатының ажырамас элементі іспетті. 1870 жылы облыс аумағында 1139 құдық болса, XX ғ.басында 4,2 мыңға жеткен. Қазір олардың көпшілігі көміліп, не суы ішуге жарамсыз болып қалып отыр.

Маңғыстау халқының жадында көптеген құдықшы – шеберлер туралы тарихи әңгіме, аңыздар сақталып қалған. Олардың аттары немесе қаздырған адамдардың аттары құдықтардың атауына айналған. Мысалы: Қарашқазған, Мәмішқазған, т.б.

Маңғыстаулық қазақтар тілінде құдыққа байланысты сөздер, сөз орамдары жеткілікті. Мұның өзі бұл кәсіптің төл өнер екендігін айғақтайды. Мәселен»шымырау»(шыңырау) өте терең құдықтардың бар екендігін білдірсе, «таңқы» шымыраудағы судың аздығын көрсетеді. Ал «ыза»(тайыз құдық), «орпа» (тақыр суын жинайтын құдық), «еспе» (суы аз, орта тереңдіктегі құдық), «бас» (тереңдігі 5 – 6 метрлік құдық) атаулары да әр түрлі құдықтардың болуымен байланысты және осыған байланысты құдық атаулары да бар: Ақшымырау, Тереңорпа, Ақеспе, т.б.

Атақты құдықшылардың аттары: 1. Шегем Орақ – Бәли құдығы;
2. Қараш Бейнеубай – Дүңгірлек, Бесекөз – Тәңке, Күдерсу, Дауысты, Киікбай.
3. Бегей Ораз Өмірұлы – Ұзын, Терең, Бесшымырау, Ақшоқы, т.б.

Маңғыстаудың жыл мезгілдері және амалдар

Қазақтар жыл мезгілдерінің ауысуын өзіне ғана тән ерекшеліктерімен атайды. Ауа райының әр айда, әр маусымда болып тұратын құбылыстарын амал деп атайды.

Көктем. Көктем айларын Маңғыстауда хамал, сәуір, зауза деп атап, жыл басы наурыздың 14 – нен басталған. Наурыз айының аяғы мен көкектің басында «бесқонақ» амалы өтпейінше (кейде оны «амалдың ақша қары» деп те

атайды), шын мәнінде көктем туа қоймайды. Екінші амал – «Құралайдың салқыны» деп аталады, бұл кезде киік, қарақұйрық лағын өргізеді. Мамыр айында өлкеде «тасбақа дауылы» өтеді, яғни тасбақа інінен шыға бастаған кезде шаңды борандар болатынын халық байқаған.

Жаз. Үркер шоқжұлдызы маусым – шілде айларында қайта туады, осы кезең «қырық күн шілде» деп аталған. Жаз айларының аяғында Таразы, Сүмбіле жұлдыздары көріне бастайды. Халық арасындағы «Таразыда таң суып, Сүмбіледе су суиды» деген сөз жаздың аяқталып келе жатқандығын көрсетеді.

Күз. Қыркүйектің соңғы кездерінде «мизам шуағы» деген амал өтеді, ол күннің уақытша жылынуымен көзге түседі.

Қыс. Қаңтар айында күшті борандар «қаңтардың қарлы бораны» болады. Жаз айында туған Үркер тас төбеге келеді. «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген түсінік осыған байланысты шықса керек.

II. Ұлттық құндылықтар – асыл қазынамыз

Қазақтың ұлттық тағамдары

«Ас – адамның арқауы» деп тауып айтқан қазақ халқы дастархан байлығына ерекше мән беріп қараған. Тағам түрлерін ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет тағамдары), көк (жеміс – жидектер) деп үшке бөлген.

Қазақ халқының негізгі азық – түліктік өнімі ет пен сүт болған. Соның ішінде денсаулыққа пайдалы әрі құнары мол деп сүтті бағалаған. Жастарға «ақты төкпе, малдың желіні кетеді» деп ескерту жасап отырған.

Халқымыздың ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамының бірі – **қымыз**. Ол – тек тағам емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастархан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Қымыз – әрі сусын, әрі тағам, дертке шипа, жанға қуат. Қымызды піскен, сапырған сайын хош иісі артып, бабына келетін болған. Қымыз ыдыстары бөлек ұсталып, оны «қымыз шара», «қымыз аяқ», «қымыз ожау» деп қастерлеп атайды.

Сүт тағамдарының ішінде қымыздан кейінгі бағалы сусын – **шұбат**. Шұбат түйе сүтінен жасалады. Шұбат та қымыз сияқты ашытылып, тері, ағаш, қыш ыдыстарға құйылып сақталады. Шұбат қымызға қарағанда дәмді, жұмсақ, майлы әрі қоюлау болады.

Қой, сиыр сүтінен жасалатын сүт тағамының бірі – **құрт**. Әсіресе қой сүтінен жасалған құрттың дәмі де, сапасы да өте жақсы болады. Құрттың дәмі ащы болғанмен, жеуге сүйкімді тағам. Ертеде алыс жолға шыққан жолаушы құртты тамақ есебінде, әрі шөл басуға өзімен бірге ала жүрген.

Қазақ дастарханының сәні мен мәні – **май**. Қазақ майды тұздап, қарынға салып сақтайды. Қарындағы май өте жақсы сақталады және дәмді болады. Егер сары май көгере бастаса, қорытып (қайнатып) алады. Ондай қорытылған майды «шыртылдақ» деп атайды.

Балқаймақ – дәмді әрі сүйкімді тағам. Оны кәдімгі шикі сүтті ыдысқа құйып, қайнату арқылы дайындайды. Ол қайнаған кезде аздап бал немесе секер қосып, ұн сеуіп араластырып отырады. Балқаймақты қарттарға, балаларға, тіпті құрметті кісілерге де ұсынуға болады.

Аталған тағамдардың барлығы дерлік ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды. Қазақ халқында «Шешесін көріп – қызын ал, ыдысын көріп – асын іш» деген мақал бар. Күнделікті тұрмыста астың дұрыс сақталуы үшін ыдыс – аяққа да үлкен мән берген, бұған жоғарыда айтылған мақал дәлел бола алады. Ата – бабаларымыз ыдысты көбінесе ағаштан, жылқы мен ешкі терісінен, мыс, жез сияқты металл бұйымдардан жасаған.

Қазақтың ұлттық киімдері

Қазақ халқының басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою – өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой – дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Біздің ұлттық мәдениетіміздің бірі болып саналатын ерлер мен әйелдер киімінің түрлері көп. Ерлер киімі: шапан, ішік, жарғақ, шалбар, бөрік, айыр қалпақ, тымақ, саптама етік, т.б.

Ерлердің оқалы немесе зерлі шапаны – қымбат матадан жағасы мен өңіріне зер салынып, арқасы мен етек – жеңі оқалы жіппен өрнектеліп тігілетін сырт киімі. Шапанның арқасына күн тәріздес дөңгелек өрнек, өн бойына өсімдік тектес оюлар салынады. Ертеректе мұндай шапандарды хан, сұлтандар, ауқатты адамдар киетін болған

Ішік – сырты матамен тысталып, түрлі аңның терісінен жүнін ішіне қаратып тігілетін ер адамның қысқы сырт киімі. Тігілетін терісіне қарай олар: түлкі ішік, қасқыр ішік, сеңсең ішік, нышпақ ішік деп әр түрлі аталады.

Иленіп, әбден өңделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі – түсті өрнек салынған жарғақ теріден тігілген шалбарды «жарғақ шалбар» деп атаған. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал – серілер салтанатқа киген.

Бөрік – жеткіншектерден бастап, ересек адамдарға дейін киетін бас киім. Ол етегін айналдыра қымбат тері жапсырылып, дөңгеленген пошымда тігіледі. Оның пошымына, тігілген матасына қарай шошақ бөрік, үкілі бөрік, кәмшат бөрік сияқты түрлерге бөледі.

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен тысталып, ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып сырылып тігілетін ер адамдардың бас киімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленеді. Оны негізінен ертеде хан, сұлтандар салтанатқа киетін болған.

Тымақ – ер адамның бас киімі. Қазақта тымақтың түрлері көп. Соның ең бағалысы – түлкі тымақ. Тымақтың маңдайы мен ішкі жағына түлкі терісі тігіледі де, сырты мақпалмен, пүлішпен немесе басқа асыл маталармен сырылып тысталады. Тымақтың төбесі төрт немесе алты бөлек үш бұрышты киізден құралып, шошақ болып келеді.

Саптама етік – қонышы тізені жауып тұратындай ұзын, табаны қалың сіріден оң – солы жоқ, түзу болып тігілетін аяқ киім. Оны киіз байпақпен киеді. Саптама етік қысқы аязда ат үстінде жүргенге жылы, әрі қолайлы.

Қазақ әйелдері (қыздары) үстіне қос етек көйлек, шапан (бешпет) немесе камзол, ал басына жас ерекшелігіне қарай тақия, сәукеле немесе кимешек, аяғына мәсі немесе кебіс т.б. киген.

Қос етек көйлек – жібек, торғын, шәй сияқты асыл матадан тік жаға, кең етек етіп тігілетін көйлек. Етегіне өрнектеліп, бүрмеленген қос желбіршек салынады, сондықтан «қос етек көйлек» деп аталады.

Шапан (бешпет) – қалыңдықтың сырт киімі. Ол да асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Шапанның өңіріне оюлы өрнек салынса, етегіне өсімдік тектес өрнектер кестеленеді. Бұл – өсіп-өнсін, өркенді болсын деген тілек белгісі.

Сәукеле – ұзатылатын қыз – қалыңдық киетін ғұрыптық киім. Оның сом күмістен құйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Сәукеленің өн бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өрнектеліп, ақық, маржан, гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі. Оның екі жақтауына моншақтан салпыншақ өріледі, төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады. Сәукелені ұзатылатын қызға арнап шеберге дайындаттырады. Сәукелені қалыңдық ұзатылған күннен бастап бір жылға дейін киеді.

Кимешек – жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Ол өн бойы көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі. Кимешектің ақ матадан бет жағы ойылады. Оның жағы, өңірі оқаланып кестеленеді, төбесінен сәндік үшін шылауыш немесе күндік сияқты ақ мата оралады.

Камзол – шапанға қарағанда ықшам, қысқа, көбінесе жеңсіз немесе қысқа жеңді болып келетін әйелдің сырт киімі. Салтанаттарға киілетін камзолдар аса қымбат маталардан белі қыналып, өңірі мен етегі түрлі өрнектермен кестеленіп өрнектеледі.

Мәсі – өңделген жұқа теріден қонышына ою салынып, табансыз, ұлтансыз тігілетін, негізінен әйелдер үйде киетін жеңіл аяқ киім.

Кебіс – табаны қалың, өкшесі биіктеу, сыртына түрлі өрнектер салынып тігілетін, мәсінің сыртынан киюге арналған аяқ киім. Қалыңдықтың етігі де басқа киімдерімен қатар арнайы тігіледі. Бұл етіктің өкшесі биік, табаны ағаш шегемен шегеленетін болған. Қонышы өңделген теріден түрлі өрнектер салынып, көкшіл бояуға боялып, әсемделеді. Мұндай етікті «көк сауыр етік» деп атайды.

Тақия – бас киімнің бір түрі. Қазақта тақияның түрі көп. Соның ішінде аса сәндісі, көркемі – бүлдіршін қыздар киетін үкілі тақия. Ол – биіктігі 10-15 см мөлшерінде дөңгеленіп тігілген, жалпақ төбесіне үкі тағылатын жеңіл бас киім. Ол айнала жиегіне ою салынып, түрлі асыл тастармен көмкеріліп тігіледі. Оны жас қыздар ұзатылғанға дейін киеді. Ұзатылған қыз – қыз ғұмрдың белгісі – тақиясымен «сыңсу» айтып қоштасып, кетерінде сіңілісіне сыйлайды.

Көкірекше (нынша) – жейденің немесе көйлектің сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл киім. Оның өңірі мен етегі өрнектеліп, әдемі кестеленеді. Қыз балалардың көкірекшесіне теңгелер, маржан сияқты әшекей заттар қадалады. Ыңғайлы, ықшам көкірекшені көбінесе балалар жейденің, көйлектің сыртынан киеді.

Қазақтың ұлттық ойындары

Халқымыздың ұлттық ойындары саналатын ат ойындары көне заманнан бері әр түрлі мейрамдарда, тойларда, астарда өткізіліп келеді. Бұл ойындар: аударыспақ, көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу және басқалары.

Аударыспақ ойыны ашық алаңда, көгалды жерде ойналады. Ойынға екі атқа мінген жігіттер (шабандоздар) қатысады. Шабандоздарға белгілі бір уақыт белгіленген дұрыс. Осы уақыт ішінде олар ат үстінен бірін –бірі аударып түсіруі керек. Егер олар бірін –бірі жеңе алмаса, онда ортаға келесі екі атты ойыншы шығады. Жеңіске жеткен жігіт ойын шарты бойынша келесі жеңімпазбен сынасады. Соңғы жеңімпаз анықталғанша ойын осылай жалғаса береді.

Атқа мінген бірнеше жігіттер қатысуымен өтетін ойын «**көкпар**» деп аталады. Әдетте көкпар тартуға бауыздалған лақ немесе серке беріледі. Ойынға қатысушы жігіттер (көкпаршылар) белгіленген сызықтың бойына қатар түзеп тұрады. Сызықтан 50 – 60 адымдай жерге көкпар тасталады. Берілген белгіден кейін көкпаршылар шаба жөнеледі. Жерде жатқан көкпарға бірінші жеткен шабандоз көкпарды іліп алып қашады, қалған көкпаршылар қуып жетіп, тартып алуға әрекеттенеді. Ойын белгіленген көмбеге (межеге) жеткенше осылай жалғаса береді. Кім бұрын «көкпарды» межеге әкелсе, сол жеңімпаз атанып, «көкпарды» өзінде қалдырады.

Егер ойыншылар екі немесе топ болып бөлініп ойнаса, межеге алғаш жеткен көкпаршының тобы жеңіске жеткен болып есептелінеді. Мұндай ойынды «Мөре көкпар» деп атайды. Қазіргі кезде көкпар ойыны шамалы өзгертілген түрінде әр жерде өзінше жүргізіледі. Кей жерлерде күн батып, қараңғы түскенше көкпар тарту – ойынның басты шарты болып саналады.

Ұлттық ойынның кең тараған түрі болып саналатын бәйге – қазіргі кезде өте жақсы дамыған, әлемге әйгілі ойынның бірі. Бәйге ойынының бірнеше түрі бар. Олар: тай жарыс (1-2 жасар тай жарысы), құнан жарыс (2-ден 3 жасқа дейінгі аралықтағы құнандар жарысы), топ бәйге (3-4 жасар кез келген жылқы, дөнендер жарысы), аламан бәйге (ұзақ қашықтыққа жүргізілетін жарыс).

Бәйге ойыны кез келген жазық жерлерде өткізіле береді. Ойынға қатысушы шабандоздардың санына шек қойылмайды. Ойынды жүргізу үшін ара қашықтық белгіленеді. Бәйгеге қатысушылар сызық бойына қатарға тұрады. Берілген белгіден кейін олар келесі көмбеге (межеге) қарай шаба жөнеледі. Көмбеге алғаш шауып келген шабандоз жеңімпаз атанып, ол адамға сыйлық беріледі. Бұрынғы кездерде ойынға қатысатын аттарды бәйгенің басталар орнына керешілер айдап апаратын болған. Сол жерден аттар кері қарай жарыса шауып келетін межені «Қарауылтөбе» деп атаған.

Ашық алаңда жүргізілетін қызықты және әдемі ұлттық **ойынның бірі** – «**Қыз қуу**» ойыны. Бұл ойынға атқа мінген қыз бен жігіт қатысады. Алдымен ара қашықтығы 1-2 шақырымдай екі көмбе белгіленеді. Бірінші көмбеде жігіт, ал қыз оның арт жағында он адымдай жерде тұрады. Берілген белгіден кейін қыз екінші көмбеге қарай шаба жөнеледі. Қыз жігіттің жанынан өте бере жігіт

қызды қуып жетуге қамданады. Егер жігіт қызды қуып жетсе, құшақтап сүйеді. Қыз бен жігіт екінші көмбеге жеткен соң кері қарай шабады. Ендігі кезекте жігіт қашады, қыз оны қуа жөнеледі. Жігітті қуып жеткен қыз оны қамшының астына алады. Осылайшы ойын қайталана береді.

Ұлттық ойындардың өте қызықты, жігітті сынайтын түрі – «күміс алу» («теңге алу») ойыны. Белгіленген ара қашықтықта үш – төрт жерге шүберекке оралып күміс немесе теңге тасталады. Шабандоздар кезек алып тізбекке тұрады. Олар келген кезектерімен осы қашықтықта шауып келе жатып, ат үстінен еңкейе отырып, жолындағы түйілген шүберекті алуы керек. Осы кезде аттың басын тартып тоқтауға болмайды. Атты тоқтатып барып алынған шүберек есептелінбейді. Ойынды қызықтау үшін көрермендер күміс немесе теңгені бірнеше рет қайталап тігеді. Жердегі шүберекті алған шабандоз оның ішіндегісін өзіне қалдырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Ұлағатты ұлттық ұғымдар

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл.

Үш асыл: көз, тіл, көңіл.

Үш артық: адалдық, еңбексүйгіштік, өнерпаздық.

Үш биік: билік, дәулет, даналық.

Үш қуаныш: алғыс алу, өзінді көптің іздеуі, ісіңнің өшпеуі.

Үш ақиқат: Қымбат – шындық, арзан – өтірік, дауасыз – кәрілік.

Үш байлық: Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық - ақ жаулық,

Үшінші байлық - он саулық.

Үш жұрт: Өз жұрты (ағайыны), нағашы жұрты, қайын жұрты.

Үш би: Үйсін Төле би, Арғын Қаз дауысты Қазыбек би, Алшын Әйтеке би.

Үш қат: Жоғары қат (аспан), орта қат (жер үсті), төменгі қат (жер асты).

Үш дауасыз: Мінез, кәрілік, ажал.

Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі арсыз.

Үш апат: Ғалымдарды, қарттарды құрметтемеу.

Өкіметті сыйламау.

Асты ысырап ету.

Үш жамандық: Нақақ қан төгу, кісі малын алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Төрт тұлға: от, су, жел, жер.

Төрт құбыла: Шығыс, Оңтүстік, Батыс, Солтүстік.

Төрт маусым: көктем, жаз, күз, қыс.

Төрт тоқсан: Қыс тоқсан, жаз тоқсан, шілде тоқсан, күз тоқсан.

Төрт түлік пірлері: Түйе пірі – Ойсыл қара.

Жылқы пірі – Қамбар ата.

Сиыр пірі – Зеңгі баба.

Қой пірі – Шопан ата.

Ешкі пірі – Шекшек ата.

Бес жаратылыс: Күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн.

Бес парыз: Құдайдың бірлігі мен Мұхамбеттің пайғамбарлық қасиетін мойындау, намаз оқу, ораза тұту, қайыр – садақа беру, хажылыққа бару.

Бес асыл: Талап, еңбек, ой, рахым, қанағат.

Бес дұшпан: Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ (ысырапшылық).

Бес қатер: От, жау, борыш, ауру, сөз.

Бес қару: Садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта.

Бес өсиет: Топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма.

Алты алаш: Қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, жайылған (Толе би).

Алты игілік: Денсаулық, қазына, дос, әйел (жар), білім, бала (ұрпақ).

Алты парыз: Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар. Олар:

Әдейі барып бір-біріне сәлем беруі;

Арнайы шақырса, міндетті түрде баруы;

Егер кеңес сұраса, ақыл қосуы;

Қойылған сұраққа жауап беруі;

Арудың көңілін сұрауы;

Қайтыс болса, жерлеуге қатысуы (Мұхамбет пайғамбар).

Алты асқар: Ақыл, білім, жомарттық, әділдік, шыншылдық, кең пейіл.

Жеті ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы (ит).

Жеті жұт: құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну).

Жеті ғалам: шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік, аспан (жоғары ғалам), жер (орта ғалам), жер асты (төмендегі ғалам).

Жеті қат (қабат) көк (жеті жұлдыз): Ай, Меркурий, Шолпан (Венера), Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштари (Юпитер), Сатурн. Бұлар Шығыс астрономиясында “жеті қат” деп аталады.

Әлемнің жеті кереметі: Египет пирамидалары, Олимпиядағы Зевстің мүсіні, Родос алыбы, Семирамида бағы, Диана ғибадатханасы, Карнас мұражайы, Александрия маягі.

Жеті күн: бүгін, ертен, бүрсігүні, арғы күн, ауыр күн, соңғы күн, азына – дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі (сәтті күн), бейсенбі, жұма (қасиетті күн), сенбі, жексенбі.

Жеті жоқ:

Жерде өлшеуіш жоқ,

Аспанда тіреуіш жоқ,

Таста тамыр жоқ,

Тасбақада талақ жоқ,

Аллада бауыр жоқ,

Аққуда сүт жоқ,

Жылқыда өт жоқ.

Жеті жетім:

Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу--қазсыз көл жетім,
Жерінен айрылған ер жетім,
Замандасы қалмаса –
Бәрінен де сол жетім.

Жеті жетекші:

Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Жолаушысы – ой,
Жолдасы – кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез,
Сынаушысы – халық.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САЗ АСПАПТАРЫ

Адырна – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан көп ішекті саз аспабының бірі. Ежелгі заманда бұл аспапты аңшылар ұстаған. Садақ атып, жебе тартып, аң – құстарды аулаған. Әуелде адырна садақ пішінде болған. Кейін бұл аспапты бұғы, марал, арқар тұрпатты аңдардың тұлғасына ұқсастырып жасаған.

Әуелі ағаштан құрап шанақ, мүйіз жасалынып, шанақтың асты – үсті терімен қапталады. Мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішектер байланады. Аспапты екі тізенің үстіне қойып, оң қол, сол қол саусақтарымен іліп тартып ойнайды.

Аса таяқ – сілкі арқылы үн шығаратын көне саздық аспап. Оның ұзындығы 110- 130 см. Ол тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Оның бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өзі өрнектермен әшекейленеді. Аса таяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Аса таяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған. Қазіргі кезде оның көне үлгілері жасалып, ол ұрмалы саздық аспаптар тобына қосылады.

Домбыра – қазақ халқының арасына өте ерте әрі кең тараған саздық аспап. Ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті шертіп ойнайтын бұл аспаптың өзіне тән ерекшелігі бар. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады, мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Оның арнайы құлағы күйге келтіріледі. Домбыраның екі ішектісінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, құйыс мойын, шіңкілдек деп аталатын түрлері де бар. Домбыраның дауысы майда, қоңыр, ол құлаққа өте жағымды.

Ұрып ойналатын саздық көне аспаптың бірі – **дауылпаз**. Қазақ халық тұрмысында ол кеңінен қолданылған. Әсіресе, дауылпаз бұрынғы кезде, жаугершілік заманда дабыл қағып, белгі бру үшін пайдаланылған. Бұл саздық аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып

жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Дауылпаз тектес аспаптар әр түрлі атпен басқа халықтарда да кездеседі. Айталық, ол өзбек халқында – “Тәбльбасс”, ал қырғызда “Доолбас” деп аталады.

Жетіген – қазақ халқының өте ертеден келе жатқан жеті ішекті шертпелі саз аспабы. Бұл аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Оның құрыласы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылады.

Жетіген аспабының үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол аңыздың бірінде: өткен заманда бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған әуен екен деседі. Қазіргі күндері жетіген саздық аспабы көптеген ұсттық ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

Желбуаз – үрмелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан, ел көзіне еленбеген көне саз аспабының бірі.

Бұл саз аспабы иленген мал терісінен жасалады. Оның сырт көрінісі меске ұқсас. Ауызын бекітіп тұратын тығыны болады. Әуен шығаратын екі сырнай түтікше бекітіледі. Оны мойынға асып алып жүруге ыңғайлап, қайыстан арнайы бау тағылады. Желбуаз ұстап жүруге өте жеңіл. Бұл желбуаз аспабын алғаш белгілі сазгер Н. Тлендиев “Отырар сазы” оркестрінде қолданды.

Қыл қобыз – ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Оның өзіндік жасырын сыры мол. Ол – адамның еркіне көне қоймайтын, ойнауы күрделі аспап. Оның ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге – үш, төрт ішектілері және “нар қобыз”, “жез қобыз” деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Оның беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Ерте заманда қобызды тек бақсы-балгерлер ғана ұстаған. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты екені де айтылады.

Өзіндік үнімен ерекшеленетін сілкімелі қазақ халқының көне саздық аспабының бірі – **сақпан**. Ол ертеден үй тұрмысында, әсіресе, мал шаруашылығында кеңінен қолданылған. Қойшылар көктемгі төлдеу кезінде бұл аспаптың дыбысымен қой, қозы қайырған. Шаруалар оны егістікке қонған құстарды үркіту үшін де пайдаланған. Кейбір өнерпаздар сақпанмен өзінің әуенін сүймелдеген. Сөйтіп, сақпан саздық аспап дәрежесіне көтерілді. Бұл аспап жұқа тақтайшадан жасалады. Әуелі бірнеше тілшелерді дайындап, бір – біріне қаттап бекітеді және сыртын өрнекпен әшекейлейді. Бұл аспапты сілкіп ойнайды.

Бітімі бөлек, ойнауы ерекше қазақ халқының көне саздық аспабының бірі – **шаң қобыз**. Оның үні құлаққа жағымды, ол адам дауысына жақын. Бұл аспапта ойнау ерін мен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты. Ойнау кезінде орындаушы оң қолымен тілшенің ұшын шалып отырып, шапшандата дыбыстайды. Дыбысы тілшені қозғалысқа келтіргенде ғана шығады. Бұл аспапта жеке ән – күй орындап қана қоймай, басқа да көне саз аспаптарымен бірге халық әуендерін сүймелдеуге болады. Шаң қобыз аспабының құрылысы қарапайым, жұқа тақтайшадан жасалады.

Қоңырау – қазақ халқының ертеден келе жатқан сылдырмақты саздық аспабының бірі. Қоңырау дыбысы сыңғырлап шығатын металдардан әр түрлі көлемде жасалады. Сырт көрінісі шар тәріздес, іші қуыс, ортасында тілшесі болады. Аспаптың жеті саздық дыбыс қатары бар. Ол ертеде үй тұрмысында, малшылар арасында көп қолданылған. Далада бос жайылып жүрген малдың мойнына қоңырау таққан, өйткені қасқыр металдан шыққан дыбыстан қатты қорқады. Қоңырауды сол сияқты мектепте де қолданады. Бұл аспап арнайы кішкене балғашамен ұру арқылы дыбысталады.

КИЕЛІ САНДАР

Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі сандар болып есептеледі. Оның себебі орта ғасыр ғалымдарының жеті күнге жеті жұлдыздың атын беруі, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қалайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндеріне ат берілуі деп қарауынан болуы керек.

“Жеті” сөзімен байланысты халқымызда “жеті қазына”, “жеті күн”, “жеті жұрт”, “жеті жоқ”, “жеті жұт”, “жеті ғалам”, “жеті қат көк”, “жеті ғашық”, сөздері пайда болған. 16 ғасырда өмірге келген Әз Тәуке ханның “Жеті жарғысы” да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болуы керек. Өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу және “Жетіге келгенше жеден таяқ жерсің”, “Жеті қабат жер астында” сияқты дәстүрлік сөздер мен мақал – мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты. Тоғыз саны араб елінен дінмен байланысты енген тәрізді. Халқымыздың “Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру”, “Тоғыз жолдың торабы” тағы басқа сөздері тегін шықпаған болуы керек.

Он екі саны да – халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша он екі айға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Олар: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Осындағы он екі жылды бір мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. Он екі сөзімен байланысты “он екі мүшең сау болсын”, “он екіде бір нұсқасы жоқ” сөздері де айтылады.

Халқымыздың қасиет тұтатын тағы бір саны – қырық. Нәрестенің өмірге келгеніне қырық күн толып, мойны бекігенде, “қырқынан шығару” ырымы жасалады. Сол сияқты өлген адамның “қырқын беру” дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты “Қырықтың бірі – қыдыр” деп, ерекше құрмет тұтқан. Ел ішінде “қырық” сөзімен байланысты тағы басқа да сенімдер, ырымдар баршылық.

КИІЗ ҮЙ

Киіз үй – халқымыздың ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп-қонғанда тез жиып, шапшаң тігуге ыңғайлы. Жазда киіз үйдің ауасы таза, салқын. Қыста қазақтар киіз үйдің сыртқы киіздерін қос қабаттап жауып, қыстап шыға берген. Киіз үй ұйытқып, қатты соққан дауылға жығылмайды, нөсерлеп жауған жаңбырдың суын өткізбейді.

Халқымыз сан ғасыр бұрын – ақ отырықшылыққа үйреніп, үй сала бастағанымен, киіз үй осы күнге дейін бірге жасасып келе жатыр.

Қазақтың киіз үйі сүйегіне байланысты 5 қанат, 6 қанат, 7 қанат, 8 қанат, 9 қанат, 12 қанат болып бөлінеді. Киіз үйді тігушінің әл –ауқатына қарай «ақ орда», «алтын орда», «хан орда», «ақ отау», «қараша үй», «қара лашық», «абылайша», «жолым үй» болып түрліше атауға ие болған.

Киіз үйдің сүйегі (ағашы): кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, табалдырық, сықырлауық (жарма есік), босаға.

Киіз үйдің сыртқы киіздері: түндік, үзік, туырлық, іргелік, киіз есік.

Киіз үйдің баулары: құр, басқұр, уық бау, аспа бау, жел бау, түндік бау, ақ бау, қызыл бау, шашақ бау.

Халқымыз ғасырлар бойы киіз үйдің әбзелдерін жетілдірген, осындай киіз үйлерде тұрып, сән – салтанат құрған.

Киіз үйге байланысты айтылатын қанатты сөздер

Киіз үй әбзелдерінің ішінде «**шаңырақ**» сөзі – ең қасиетті сөз. Сондықтан оны ерекше қастерлеп, бата сөзде көп қолданады.

«**Шаңырағың биік болсын!**» деген сөзді дос – құрбыңның алды бол деген мағынада айтқан.

«**Шаңырағың шайқалмасын!**» деп жастарға тату – тәтті, берік отбасы болыңдар деген мағынада айтылған.

«**Екеуің бір шағырақтың астында өмір сүріңдер!**» – бір үйде тұрыңдар деген сөз.

Шаңырақпен байланысты мынадай сөз тіркестері бар: **алтын шаңырақ** (отан, туған жер), **қара шағырақ** (ата – баба тұрған үй, әкеден қалған үйге ие болу), **шаңырағы құлады** (үйге ие болатын адам қалмады), **шаңырағы ортасына түсті** (үй жайы ыдырады, құлады, т.б.), **шаңыраққа қара** (өз үйің емес, бөтен үй, байқап сөйле), **шаңырақ көтерді** (әйел алып, өз алдына үй болу).

Киіз үйдің екінші бір әбзелі – «**босаға**» сөзі де – киелі сөз. Мысалы:

«**Қос босағаң берік болсын!**» деген сөзді жастарға «берік отбасы болыңдар!» деген мағынада айтқан.

Босаға аттау (ақ босаға аттау) – ең алғаш келін болып түсу деген мағынаны білдіреді.

Босағасын аттап көрмеу – еш уақытта үйіне бармау деген мағынада.

Босағасында жүру – кісі үйінде жалшылықта жүру деген мағынада айтылған.

Босағасы үңірейіп қалды – орны үңірейіп бос қалу, үй иесінің жоқ екенін білдіру.

«**Босаға майлау**» – жастар жеке отау құрғанда немесе біреу үй тіккенде жақын – жуықтары ырымдап, киіз үйдің босағасына май жағады. Бұл үйдің берекелі, майдай жағымды, көптің үйі болсын деген мағына береді. Босаға майлаған адамға «кәде» сый беріледі.

«**Ерулік**» – бұрын тігілген үйлердің (ауылдың) қасына көшіп келіп үй тіккен отбасына сол ауыл адамдарының шақырып қонақасы беруі. Бұл – көшіп келген адамдарды жатсынбай бауырына тартып сыйласудың белгісі.

Туыстық атаулар

Ата – әкенің әкесі. Атаны жасы кішілер құрметпен «ақсақал», «қария» деп атайды, шал деуге болмайды, ол сыйламағандық болып есептеледі.

Әже – әкенің шешесі. Ұлы мен келіні әжесінің айтқанын екі етпеуге тиіс. Әже де немерелерін ерекше жақсы көрген.

Әке – шеше, ата – ана – дүниеге ұрпақ әкелген ерлі – зайыпты адамдар. Ұл мен қыз үшін бұлардан асқан адам жоқ. Сондықтан олар ата – анаға өмір бойы қарыздар. Отбасында әке «отағасы» делінеді.

Бала – ата – анадан туған ұрпақтар, яғни олар «ұл, қыз» деп аталады. «Балалы үй – базар» деп айтылған.

Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы. Ұл туғанда бұрын «атұстар» деп хабарлаған.

Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана. Сондықтан «қыз – қонақ, қыз – өріс» туған – туыстары қыз баланы аялап, мәпелеп өсірген. Қыз баланы үнемі төрге отырғызып, жолы үлкен деп есептеген.

Тұңғыш – ата – ана бірінші туған баласын «тұңғышым» деп атаған.

Ортаншы – тұңғышынан кейін туылған балаларын «ортаншым» деп атаған.

Кенже бала – ең соңғы туылған баланы «кенжем» деп атаған. Алғашқы балаларын үйлендіріп, енші беріп, жеке отауға шығарған да, соңғы кежесін өз қолдарына қалдырған. Кенже бала ата – анасын бағып, қара шаңыраққа ие болатын болған.

Немере – ұлдың баласы. Немере ата – әже үшін өте ыстық болады. Олар бірінші немересін көбінесе бауырына салып, бағып өсіреді.

Шөбере – немеренің баласы. Егер ата – ана шөберенің қолынан су ішсе, о дүниеде жеңілдік болады деседі. Шөберенің баласы «шөпшек», шөпшектің баласы «немене».

Аға, апа, қарындас, сіңілі – бір әке – шешеден туған немесе туыстардың ұл балалары, үлкен болса – «аға», кіші болса – «іні», үлкен қыз – «апа» (әпке), кіші болса – ұлдар үшін «қарындас», қыздар үшін «сіңілі» болады.

Жеңге – ағаның әйелі. Ол жасы үлкендер үшін – «келін», жасы кішілер үшін – «жеңге» немесе «жеңеше».

Қайын іні, қайын сіңілі – әйелдің күйеуінің інісі – «қайын іні», қарындасы – қайын сіңілі болады. Қайыныларына «мырза жігіт», «ерке бала», «төрежан» деп, қайын сіңілілеріне «сырғалым», «шашбаулым», «еркежан» деп жеңгелері ат қойып, еркелетіп отырған.

Балдыз – әйелдің інілері мен сіңілілері күйеуіне балдыз болады. Жезде мен балдыз өте тату, бірін – бірі ренжітпеуге тырысады.

Келін – інінің, баланың әйелі жасы үлкендерге «келін» болып есептеледі. Келін күйеуінен үлкендердің бәріне де иіліп сәлем беруі керек және мұндай келіндер әдепті, ибалы келін болып есептеледі.

Қалыңдық – күйеуге атастырылған, бірақ әлі өз үйінде отырған бойжеткен. Қазақта оны «оң жақта отырған қыз» деп атаған.

Абысын – ағайынды жігіттердің әйелі.

Бөле – апалы – сіңілілі қыздардың балалары бір–біріне «бөле» болады.

Бажа – апалы – сіңілілі қыздардың күйеулері бір–біріне «бажа» болады. Қазақта «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату» деген сөз бар.

Қайын ата – әйелге күйеуінің әкесі, күйеуге әйелінің әкесі «қайын ата» болады. Екі жақ та қайын атаны өз әкелеріндей сыйлап, құрмет көрсетуге тырысқан.

Қайын ене – әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің анасы «қайын ене»

Нағашы – ананың төркіні балаларына «нағашы» болады. Мұнда жиендері тек туған нағашысын ғана емес, оның туыстарын да түгел «нағашы» дейді. Осыған байланысты нағашы жұрттың ер – әйелдеріне «нағашы апа», «нағашы жеңге», «нағашы қарындас», «нағашы аға», «нағашы іні» туыстық атаулары айтылады.

Құда – қыз алып, қыз беріскен ер адамдар бір – бірін «құда» деп атайды. Қыз бен жігіттің өз әкелері бір – біріне «бауыздау құда» делінеді. Кейде жолдас адамдар сәбилері дүниеге келмей тұрғанда бір – бірімен құда болуға уағдаласады да, оларды «бел құда» деп атаған.

III. Мұнай өндірісі және оны зерттеушілер

Маңғыстау мұнайлы өлкесін зерттеу және игеру кезендері.

Маңғыстауда 1961 жылы ірі Жетібай, Өзен және 1963-1964 жылдары газконденсатты Теңге, Тасбулат мұнай кен орындары ашылды. Өзенде 1965 жылдан бастап мұнай өндіріледі. Теңге газконденсат кен орны 1970 жылы іске қосылды. Мұнай мен газ Өзен, Жетібай, Қарамандыбас, Асар, Шығыс Жетібай, Қаламқас (1979 ж.) Қаражанбас және басқа да кен орындарынан өндіріледі.

Маңғыстауда мұнай химиясы және газ өңдеу өндірістері де өріс алды. Жаңа Өзен қаласында 1974 жылы Қазақ газ өңдеу зауыты салынды. Бұнда жылына 2 млрд. текше метр газ өңделеді. Ақтау қаласында сұйытылған газ, полистирол, полиэтилен шығаратын және жер тыңайтқыш өндіретін азоттук заводтары тұрғызылды. Өндірістік энергетика саласы да тез дамыды. Газбен жұмыс істейтін жылу электр орталығы және атом электростанциясы салынды. Жер жүзінде бірінші болатын, тез нейтрон отынды атом электро станциясы іске қосылды.

Маңғыстауда мұнай мен газдан басқа да кен байлықтары мол. Соның бірі – әктас. Оның қоры шексіз мол мөлшерде. Физика механикалық қасиеттері де осындай, Оңтүстік Украина және Қырым тастарынан жоғары болып келеді. Түстері де әр түрлі: алқызыл, мрамор түсті ақ, қызыл қаздың үлгісі түсті, буылдыр көкшіл, ақ сары, жасыл малахит түсті болып келеді. Тастың сары және қара түстісі де бар. Әктас көп жерде пайдаланатын құрылыс материалы. Аққызыл түсті әктаспен тұрғын құрылыстарының жарын да қаптап әшекейлеуге болады, жарамды және тиімді. Маңғыстауда құрылысқа өте керекті әр түрлі ұсақ және ірі кесек тастар мен құмдар да көп. Бор мен құмды ізбестің қоры ұшан теңіз. Саздың түрлері де жеткілікті. Шыны ыдыс жасауға

өте жарамдысы – бентанит оның қоры да мол. Осылардың бәрі әр түрлі коптеген өндіріске және цемент шығаруға жарамды материалдар.

Маңғыстау мұнайын зерттеушілер

Белгілі саяхатшы және географ Григорий Силыч Карелин ХІХ ғасырдың басында Қарабұғазкөл, Маңғыстау түбегін және Үстірт жанын зерттейді.

Лейтенант И.А.Жеребцов Волга кемесімен 1847 жылы Каспий теңізінің Бакуден Гурьевке дейінгі жағаларын өлшеп, бейнелеп береді.

Академик Н.И.Андрусов 1877 жылы Каспий теңізінің сырт жағында геологиялық маршрут зерттеуін жүргізді. Оның 1915 жылы «Мангышлак» атты монографиясы жарық көрді.

Әскер топографы Г.А.Насибьянц 1899-1901 жылдары бірінші болып Таспас құдықтарының маңындағы жыраларда мұнай қалдықтарының барлығын анықтады.

Геолог М.В.Баярунас 1911 жылы Төбежік сайында мұнай қалдығы барлығын анықтап, белгілерін жазды. Баярунас академик Андрусовтың шәкірті және ғылыми жолын жалғастырушысы болатын. Баярунас Қарасаз-Таспас антиклинал структура геология құрылысын және мұнай нышанасын егжей-тегжей зерттеді.

Профессор В.В.Мокрунский де Андрусовтың шәкірті болатын 1925-1928 жылдары бірінші болып геология картасын салып, таулы жерлерде тас көмір барын ашты.

Геолог С.Н.Алексейчик 1936-1941 жылдары Маңғыстау геология картасын салып, мұнай қорының барлығын белгіледі. Өзен антиклиналь структурасын бөлек көрсетіп, құрылысын анықтап берді.

Жердің «қара алтыны», «экономиканың қаны» деп аталатын мұнайдың маңызы зор. Оның өнімі соңғы жүз жылдықта өте көп мөлшерде өсті. Мұнай өндірісі 1870 жылы 800 мың т болды. Кейінгі 100 жылда 1 млрд. 304 млн. т мұнай өндірілді.

Керосин шамы 1855 жылы ойлап табылғаннан кейін мұнай пайдалануы көбейді. Әскер және сауда флоты ХХ ғасырда мазутты, көмір орнына қолдану арқасында мұнай өнімі ожан әрі өсе береді. Отыны іштей жанатын двигательді ХХ ғасырдың 20 жылдарында ойлап тапқаннан соң, мұнайдың керектігі революцияға тең құбылыс болды. Мұнайдың қызу шығарғыштығы, тәуір тас көмірдікінен бір жарым есе көп. Мұнайдың өндіру шығыны төмен, тасымалдауы да оңай және арзан, мұнайдан шығатын түпкі өнімдері мол. Мұнай мен газ химия өндірісі үшін басты шикізат. Сондықтан мұнай үшін тартыс жүруде. Уақытындағы алтын үшін жанталасуынан әлдеқайда асып түсті. Себебі мұнай шексіз баюға мүмкіндік берді. Осы дағды бойынша бай тұрып, байлықтарды билеу еді.

Мұнай монополиялары аса зор табыстың иегері, өндірістің барлық салаларына еніп банкармен тығыз байланысты. Мұнай монополиялары құдірет финанс империясының өзегіне айналды. Рокфеллер империясы соның бірі. Ол АҚШ-тың екінші болатын, ірі банкасы «Чейз Монхэттен банк» банкасын қолына ұстауда. Ірі қауіпсіздік компагиялары, химия,

электротехника, электроника, авиация, ракета және атом өндірістерінің ірі компаниялары Рокфеллер компаниясына бағынышты. Рокфеллер металлургия, қағаз, орман және секер өндірістеріне ықпал жүргізуде. Және қарауында темір жол, авиакомпаниялар, тұрмыс мекемелері, оның өнірістері бар. Рокфеллер 1961 жылдың аяғында 89 млрд. доллар активін бақылап отырды. Қазір одан әлдеқайда қуаттары асуда.

Менделеев Дмитрий Иванович (1834-1907 жж.). Ұлы ғалымның ғылым саласына қосқан үлесі зор. Заттарды зерттеуде негізі болатын химия элементтерінің кездеспелі жүйе заңын ашты. Мұнайдың толықтай ажырауын анықтады. Ауыл шаруашылығында агрохимияның негізгі болатын жағдайды ашып берді. Мұнай өңдеу заводтардың тиімді орналасуын зерттеп, орындарын көрсетті. Әр түрлі жанғыш отынның жанғанда шығаратын жылу көлем формуласын шығарып берді. Мұнай швғу тегінің болжамын берген де Менделеев болатын. Ол «Газдардың серпіндісі», «Сұйықтық кедергісі және ауада жүзу» деген еңбектер жазды. Осындай ғылыми еңбектерінің саны 500-ге жетті, оның 120-сы ұлттық өндіріс өркендеуіне арналған еді.

Мұнайды үздіксіз өңдеу ісінің басында болды. Түрліше майларды мұнайдан ажырататын заводты Менделеевтің жобасымен 1875 жылы Ярославльде салынды және сәтті шықты. Оның ішкі аппаратурасын дайындағын атақты механик В.И. Калашников болатын. Ол кеме тұрғызушысы және бу машинасын бірінші жасаушысы ретінде белгілі еді. Мұнай өнімін тазарту үшін реагениер мен сорбциялық процесті паудалану орнына Менделеев ізбесті ерітіндісін пайдалануды, мұнайдағы қышқылдарды құрғақ аммиакпен тазартуды ұсынды.

Менделеевтің болжамы күшті болып, дәл келетін. Баку кенінің мұнайы таусылуға жақын дегендерге, Баку мұнайы барлық дүниеге, керектеріне жетеді деп жауап берді. Ресейде Баку және Грозныйдан басқа жерлерде мұнай жоқ деушілерге, Ресейдің басқа жерлерінде мұнай көзі мол деді. Бұл болжамдары расқа шықты. Сол күнде Поволжье, Орта Азия, Пермь маңында, Кубанда, Ухтада мұнай барлығы белгілі болатын. Менделеев өз отанының патриоты еді. Славян халықтарының болашағын барлап, Еуропа ұлттарымен теңдес, маңызды орынға ие бола алатынын айтты.

Бутлеров Александр Михайлович (1828-1886 жж.). химиядағы зат құрылысының теория негізін салды. Оның теориясымен бар заттың ғана емес, болашақта пайда болатын заттардың да құрылысын анықтап алатын болды. Осы күнгі химия, мұнай химия өндірістерінің жетістіктері Бутлеровтың классикалық еңбегіне міндетті. Мұнай-химия өндірістің даму болашағы органикалық синтездер екенін Бутлеровтың теориясы көрсетті. Белгілі химик К.В.Харичев Бутлеровтың кеңес нұсқауымен 1902- 1903 жылдары мұнайды салқын фракциялап минералды майлар (цилиндр және машин майлары) алды. Кейін де бұл әдіс өндірісте кеңінен таралды. Мұнайды амид спиртмен ертіп, этил спиртіні құйып тұндырған болатын. Одан әрі мұнай еріткішінің кілті толық ашылмай қойды. Диизобутиленді бірінші ашқан Бутлеров болды. Диизобутелен жоғары сапалы авибензин шығару үшін изоактан қосындысын жасауға керек

еді. Бутлеров 1873 жылы Горяиновпен бірлесіп, күкірт, фосфор қышқылдары және үшфтор әсерімен үлкен полимеризациясын іске асырды. Бутлеров 1875 жылы этил спиртіне су қосып, күкірт қышқылының қатысуымен этиленді шығарды. Бұл әдісті қазір де мұнай-химия өндірісінде спирт алу үшін кеңінен пайдаланады. Спирт синтетикалық каучук және басқа құнды заттарды шығару үшін керек.

Губкин Иван Михайлович (1871-1939 жж.). Оның геология ғылымына, соның ішінде мұнай саласына қосқан үлесі ұлан асыр. Мұнай геологиясының қай саласы болса да ғылыми тұрғыдан алғанда, ең алдымен барлық қайнар кезінде академик И.М.Губкиннің тұлғасы дараланып биік тұрады. Ол ғылыми қорытынды және теориялық зерттеулерге талдау жасаудың шебері болып, осының арқасында ірі мемлекеттік мәселелерді жете білді. Губкин өз заманынан озық тұрды. Еділ бойы, Туркмения, Өзбекстан, Ембі, Дағыстан, Грузия, Ухта және басқа аймақтардағы мұнай геология барлау жұмыстарына белсенділікпен қатысты. Сібірде мол мұнай қорының барлығын болжап білді. Губкин Петербург тау-кен институтын, есейген 39 жасында бітіргеннен кейін геолог жұмысына кірісті. Бірнеше жыл өз бетімен ғылым жұмысымен айналысқаннан соң мұнай геологиясының білгірі ретінде беделге ие болды.

Губкиннің ұсынысы бойынша Баку, Грозный және басқа жерлерде мұнай оқу институттар мен техникумдар, Москвада 1925 жылы мұнай ғылыми зерттеу институты ашылды. Ұлттық және шетел геологтарының 150 жыл бойына шеше алмай келген Курск магниттік аномалиясының сырын Губкин ашты. Губкиннің мұнай геологиясына енгізген тағы бір жаңалығы мұнайдың миграциялық теориясы. Мұнайшы ғалым К.П.Калицкий мұнайдың көшпенділігін мойындамады, мұнай пайда болған жерінде болады деп есептеді. Бұл пікірдікөптеген ғалымдар қолдады. Губкин мұнай тектоникалық күшпен қозғалып жаңа шөгіндіге келіп иерім жасайтынын дәлелдеді. Және де мұнайдың бірінші пайда болған жерінде болатынын да мойындады. Губкин 200 астам ғылыми еңбек жазды. Оның ішінде классикалық «Мұнай туралы ілім» ұзақ уақыт мұнайшы геологтардың күнбе күн қолданатын, күнделікті кітабы болды.

Шухов Владимир Григорьевич (1853-1939 жж.). Мұнай саласына мол еңбек еткен орыс инженері В.Г.Шуховты атамауға болмайды. Ол студент күнінде де тапқырлық пен шеберлік көрсетті. Москва жоғарғы техникалық училищесінде (МЖТУ) оқып жүрген кезінде тастауға арналған мұнай қалдығын – мазутты жағуға форсунка ойлап тапты. Шуховтың форсункасы заводтардың, паровоздардың, кемелердің күштерін арттырды. Күшті жоғарғы қортатын калориялы мазут болып, пештерінде Шуховтың форсункасымен жығылды. От жағушылар мен кочегарлардың еңбегін жеңілдетті. Владимир Григорьевич форсунка ойлап табуға Д.И.Менделеевтің мұнайды толық пайдалану керек деген мақаласы себеп болды деп жазды. Шуховқа 1878 жылы ауру болғандықтан дәрігерлер Оңтүстікке баруға кеңес берді. Жас 25-тегі инженер Бакуге келді. Мұнда мұнай өндіру жағдайы өте нашар болатын. Шуховтың

күшімен көптеген жаңалықтар өндіріске енгізілді. Мұнай тасуға местің орнына темір цилиндр ыдыстар, алғашқы мұнай құятын баржалар, мұнай желілерін пайдалану, құбырдағы қатқан парафинді еріту үшін, мұнайды қыздырып айдау, мұнай қабатына ауа айдау арқылы мұнай өнімін шапшандату әдісі, тағы басқалар Шуховтың еңбегі еді. Оның алғашқы жасалған істері соңынан үлкен өріс алды. Мың километрлік мұнай және газ құбыр желілерінің тартылу осы күнге дейін Шухов есебімен жүргізіледі. Осы күнге танкер, супертанкерлер жасаушылар оның ісін жалғастырып келеді. Цилиндр қоймалар Шуховтың үлгісімен жасалған бензинді, басқа жанармайды қазір сенімді сақтайды.

Узайтис Алексей Иванович (1814-1875 жж.). Тау-кен инженері Узайтистің 1843 жылы жарқ көрген «Тау-кен ісінің шеберлік курсы» кітабы энциклопедиялық құрал болды. Ол уақытта Батыс елдерінде бұндай еңбек болмаған. Узайтистің математика талдауына негізделген еңбегі 40 жыл бойына мамандардың қолынан түспеді. Узайтис ұңғы бұрғылау техникасы мен технологиясына өз үлесін қосты, ұңғылар тік, көлбеуі және горизонталды болуы мүмкін деді. Кимелі құбыр жіберіп ұңғыны бекітуәдісін көрсетті. Узайтис 1848 жылы өзен кемесінің тиімді құру әдісін тапты және қайырылып қалған кемеңі көтеру тәсілін ұсынды. Жан-жақта дарынды тау-кен инженері Узайтистің жұмысы осындай еді.

Лисенко Конон Иванович (1836-1903 жж.). Тау-кен істерінің көрнекті маманы бола тұра, ол мұнай ажырату, өндеуде айырықша еңбегі болса да, мұнай өндірісін жан-жақты зерттеді. Златоустіде алтын іздеп жүріп графит кен орындарын тапты. Печор өлкесінде, Сахалин, Фергана жерлерінде мұнай кен орындары бар екенін көрсетті. Керосинды қышқылды тазарту, майларды ауыр мұнайдан вакуумде пармен өндеп шығару жолдарын көрсетіп дәлелдеді. Мұнайда катализикалы ажырату әдісінде үлесі болды. Лисенко теориялық терең білігі арқасында керосин шамын асқан шеберлікпен жасап берді. Қарапайым құрал болатн керосин шамы бірнеше жүз жылдар бойы жасалып, талай сатылардан өткен болатын. Ұлы Леонардо до Винчи да (1452-1519 жж.) шам жасауға талаптанып сәтсіздікке душар болды. Көптеген басқа талапкерлер де тиімді нәтижеге жете алмады. Лисенконың шәкірті және ассистенті инженер Степанов жер жүзінде бірінші болып шам теорисын тауып Нобель сыйлығының иегері болды. Лисенко бұл теорияны тереңдетіп жану теориясын жан-жақты зерттеп анықтап берді.

Марковников Владимир Васильевич (1838-1904 жж.). Москва университетінің химия кафедрасын 1882 жылы алып, жұмыс жасағаннан кейін академик С.С.Наметкин былай деп жазды: «Университетте 185 жыл бойы химия зерттеуі мардымсыз, құнсыз болып абыройға ие бола алмап еді. Марковников жұмыс жасағаннан кейін химия лабораториясы тек Ресейде емес, барлық Еуропа елдерінің лабораторияларының алдарына түсті».

Летний Александр Александрович (1843-1883 жж.). Ол өзінің қысқа 40 жас өмірінде көптеген маңызды іс бітіріп кетті. Үлкен жобасының бірі мұнайды терең ажырату болып, одан біртұтас гаммалық өнімдер алынды. Бұл Батыс

елдерінен ондаған жыл бұрын жасалған жаңалық еді. Оған ғылым жаһандары көңіл аудара бастады. Летний 1874 жылы Сизранда асфальт кен орнын зерттейді. Осындай асфальтті Ресей шетелден әкеліп пайдаланатын. Летнийдің жобасымен Ярославльде завод құрылып мұнайды терең ажырату әдісімен ароматты көмірсутектері алынды. Алынған бензол мен толуол анилин сырын алуға жарады, антрацен жасанды ализаринді өндіруге жұмсалды. Кейінгі Ресей және шет елдердегі мұнай ажырату жұмыстары Летний ісінің жалғасы болды. Мұнайды термиялық (термический) ажырату Батыс елдерден көп бұрын орындалған жұмыс еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыста (1914-1918 жж.) қопарылғыш заттар – бензол, толуол керек болды. Летнийдің жұмысына оралып, көптеген жерде бұл үшін заводтар салынды. Летний 1878 жылы «Жоғарғы температураның мұнайға әсері», 1880 жылы «Парафинді және минералды майларды Германияда қоңыр көмірдің қарамайынан шығару» деген еңбектерін жариялады.

Лермонтова Юлия Всеволодовна (1846-1919 жж.). Ресейлік атақты инженер мен ғалымдардың тізбегін Лермонтоваға келіп тоқтауды жөн көрдік.

Юлияның әкесі үш ата буыннан қосылатын әлемге әйгілі Юрий Лермонтов ақынның туысы еді. Юлия Всеволодовнаның заманында Ресейде әйелдерге жоғары оқуға түсуге рұқсат болмаған. Лермонтованың әсер еткен әйгілі Софья Корвин-Коуковская (Ковалевская) еді. Лермонтова Бутлеров, Марковниковпен жұмыстас болып мұнайдың каталикелі (каталический) ажырату саласының ғылымын дамытты. Дибензолкетонды, бромды пропиленді, кротопиленді, пировенді қышқылын зерттеді, алу жолдарын тапты. Лермонтованың жұмысы жан-жақты болды, бәрін келтіруді керек деп таппадық. Юлия мұнай газының жарықтық күші көмір газынан 4-5 есе күшті екенін көрсетті. Лермонтова әйел тағдырын елемей, ғылымның шымылдығын айқара ашқан азамат еді.

Сәтпаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964 жж.). аса көрнекті ірі геолог-металлогенші және мемлекет қайраткері болатын. Қазақстанда кездесетін түрлі-түсті металдардың ғұламасы болды.

Омбы технология институтының 1926 жылғы түлегі, геолог-барлаушы ретінде Қарсақпай, Жезқазған түсті металл кен орындарында жұмыс жасап, сырларына жетті. Сәтпаев 1940 жылдан бастап үлкен ғылымның басқаруында болып, Қазақстанның бай минералдық ресурстарын халық мүддесіне, Совет Одағының қажеттігіне жұмсауға жұмыстанды. Оның еңбегінің маңызы үлкен болды. Ұлы Отан соғысында неміс басқыншыларына қарсы атылған 9 Қазақстан түсті металынан құйылған еді, осы соғыста қанша оқ атылды десейші? Осы оқтардың 90% Қазақстан металынан жасалған болып тұр. Осыдан да Сәтпаевтың еңбегі қандай болғанын білуге болады. Сәтпаев 1946 жылдан бастап өмірінің аяғына дейін Қазақстан Республика ғылым Академиясының бірінші президенті болып, аздаған үзіліспен, 20 жылдан астам жұмыс жасады. Ірі жалпы геология ғылым ордасының іргесін қалай білді. Тек геология емес, өндірістің барлық салаларына көз тастап бағытын жөндеп отырды. Осы салаларға белді, оның ішінде ұлттық кадрларды дайындап үлгерді.

Сәтпаевтың өзі қарапайым, мінезі жұмсақ, сабырлы, адамгершілік шоқтығы өте биік адам еді. Өзі мұнайшы болмаса да мұнай өндірісіне жеткілікті көңіл аударды. Маңғыстаудың мұнайы Қазақстанның үлкен мұнайының басы бола тұрса да, мезгілінде Маңғыстауда үлкен мұнай барлығына күмән туғызғандар да болды. Сәтпаев олардың күмәндарын баса білді.

Сәтпаев мұнайшы геолог кадрлерін тәрбиелеп, дәріптеді, олардың ішінде П.Я.Арбов, Ш.Е.Есенов, С.Е.Шакабаев, М.Маташев, Т.Жұмағалиев, тағы басқалар болатын.

Мұнай генезисі. Мұнай метан, нафтен, бензол көмірсутектерінің тізбектерін құрап жер қойнауында таралған табиғи қосынды. Бұл көмірсутектері кейде тамшылар болып, кейде миллиондаған тонналық кен болып кездеседі. Мұнайдың қайдан шыққаны жайлы нақты дәлел жоқ. Бұл жайында әр түрлі болжамдар бар. Ғылымға негізделген алғашқы болжамды М.В.Ломоносов айтты. Оның ойынша мұнай және тас көмір өсімдіктердің қалдықтарынан түзелу арқылы пайда болған. Олардың әр қайсысының жаралу жағдайы әр түрлі болғандықтан, пайдалы қазбалар да әр түрлі жаралған. Белгілі француз химигі Потанье бір ғасыр өткеннен кейін басқа пікірді айтты. Мұнай жер қыртысының терең қойнауларында минерал заттардан құралды деген.

Мұнай кенінің вулканды аймақ, тұз шөгінділері және шөгінді жыныстардың дәуір жастарымен байланыстығы анықталған. Вулкан атқылағанда орасан зор қысым күшімен терең жер қабаты астынан газ атқыламасы көтеріледі де, газбен бірге лай, құм, тау-кен жыныс кесектері лақтырылып, сол себепті жер бетінде көп метрлі шөгінді пайда болады. 1926 жылы Локк-Ботан вулканы атқылағаннан кейін И.М.Губкин жанатын газдың шығып жатқанын, күкірт газының иісі мен күкірт қоспаларын байқаған. Дүниежүзіндегі нағыз алып вулкандар Әзірбайжанда және Каспий теңізінде орналасқан.

Вулкан бір атқылағанның өзінде 20-30 млрд. текше метр газ лақтырады, алайда бұл орташа кен өндірісінің қорына тең. Вулкан атқылауы бірнеше рет қайталанып, триллиондаған текше метр газ далаға кетуде. Бірақ адам баласы бұған шарасыз болып отыр. Дегенмен вулкандар мұнай кенінің серігі болып, барлаушыларға жөн сілтейді.

* * *

Контейнерлер деп жүк көтергіштігі 2,5 және 5 т. теміржол платформасына орнатылған шағын цистерналарды айтады. Оларды крандармен жүк тасығыш машиналарға аударып тиейді. Цистерна-контейнерлермен көбінесе тұтқырлығы жоғары майлар мен жағар майлар тасылады. Сондықтан контейнерлер өнімдерді қыздыратын құрылғылармен жабдықталған.

Көпірлер вагон-цистерналардың деңгейінде орналасқан. Мұнай өнімдерін темір-жол цистерналарына құю және одан қотару жұмыстары теміржол эстакадаларының көмегімен жүреді. Теміржол эстакадалары өзінің атқаратын қызметіне қарай құятын, қотаратын және құйып қотаратын болып бөлінеді.

* * *

Мұнайдың жаратылысы, алғашқы пайда болуы дұрыс зерттеліп, шешілген болса, оның қандай табиғи жағдайлармен байланысты басқа қабаттарға көшіп, шоғырланатын жерлерін білу ешбір қиынға түспеген болар еді. Бұл жағдайда мұнай жатақтарын іздестіру, барлау жұмыстары да қысқа мерзімде әрі экономикалық тиімді жағдайда орындалған болар еді. Бірақ осы күндерге дейін мұнайдың жаратылу тарихы (генезис) және орналасуы әлі де түбегейлі зерттеліп біткен жоқ.

Мұнайдың пайда болуы туралы бірнеше теориялар бар. Олар: органикалық және аорганикалық болжамдар. Аталған топтардың өздері бірнеше бөлімшелерден тұрады.

Қазіргі мезгілде біздің еліміздегі және шет мемлекеттердегі мамандардың барлығы да И.М.Губкиннің мұнай органикалық жолмен пайда болды деген болжамын түгелімен мойындап отыр.

* * *

Мұнайдың барланған қоры жөнінен Қазақстан дүние жүзінде 13, газ бойынша 15 орында тұр. Қазақстан жерінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша 207 мұнай-газ кені бар, олар: Батыс Қазақстан облысында -15, Ақтөбе облысында -21, Атырау облысында -80, Маңғыстау облысында -54, Оңтүстік Қазақстан облысында -16, Қызылорда облысында -11, Жамбыл облысында -6, Қарағанды облысында 4 кен орны анықталған. Кен орындарының көпшілігі Каспий маңы ойпатында орналасқан.

Каспий маңы ойпаты мен Маңғыстау жері ауқымында, жер бетіне жақын қабаттарда, яғни 50 м тереңдікке дейін 150-ден астам табиғи мұнай битумдары мен оның белгілері анықталды.

* * *

Мұнай кенінің вулканды аймақ, тұз шөгінділері және шөгінді жыныстардың дәуір жастарымен байланыстығы анықталған. Вулкан атқылағанда орасан зор қысым күшімен терең жер қабаты астынан газ атқыламасы көтеріледі де, газбен бірге лай, құм, тау-кен жыныс кесектері лақтырылып, сол себепті жер бетінде көп метрлі шөгінді пайда болады. 1926 жылы Локк-Ботан вулканы атқылағаннан кейін И.М.Губкин жанатын газдың шығып жатқанын, күкірт гаының иісі мен күкірт қоспаларын байқаған. Дүниежүзіндегі нағыз алып вулкандар Әзірбайжанда және Каспий теңізінде орналасқан.

Вулкан бір атқылағанның өзінде 20-30 млрд. текше метр газ лақтырады, алайда бұл орташа кен өндірісінің қорына тең. Вулкан атқылауы бірнеше рет қайталанып, триллиондаған текше метр газ далаға кетуде. Бірақ адам баласы бұған шарасыз болып отыр. Дегенмен вулкандар мұнай кенінің серігі болып, барлаушыларға жөн сілтейді.

IV. Ұлы тұлғалар

Ыбырай Алтынсарин

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ақыны, педагог, аудармашы, публицист. Ол 1841 жылы Торғай облысында туылған. Оның әкесі ерте қайтыс болып, оны атасы Балғожа тәрбиелеген.

Ыбырай Алтынсаринның әдебиет саласындағы еңбектері балаларға арналған. Сондықтан да біз оны балалар әдебиетінің атасы деп атаймыз.

Ол қазақ балаларына арнап мектептер ашқан. Қыздарға арналған тұңғыш мектепті де ашқан Ыбырай Алтынсарин. Ол орыс алфавитінің негізінде қазақ алфавитін жасаған реформатор.

Дарынды педагог 1879 жылы мектеп оқушыларына арнап «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» деген кітаптар жазды. Ыбырай Алтынсаринның халық алдындағы ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы Торғай облысында қарапайым шаруа отбасында туған. Ахметтің әкесі Байтұрсын ширақ, намысшыл, батыл, сергек адам болған. Түрлі себептермен оны Сібірге жер аударған. Бұл сұмдық оқиғалар кезінде

Ахмет он жаста екен. Бұлар баланың сезіміне айрықша әсер етті. Байтұрсынның балалары інісі Ерғазының тәрбиесінде болады.

Ахмет Торғайдағы орыс – қазақ училищесінде оқиды. Кейін Орынборда мұғалімдер мектебін бітірді. Қарқаралы мектептерінде мұғалім болып қызмет атқарды. Ол орыс – қазақ мектептерінде мұғалім болды. Айналаға білім – ғылым таратудың жолдарын қарастырды. Халықтың көркем сөз мұрасын жинады.

Алғашқы әліппені, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Баспасөзге мақалалар жазды, өлең шығарды, аударма жасады.

Абай Құнанбайұлы

Абайдың әкесі Құнанбай көп оқуы жоқ, шала сауаты бар кісі болған. Алайда ол дін жолын қатты ұстанып, елде мұсылмандықтың кең тарауына күш – қайратын аямаған. Бұрын бұл өңірде болмаған үлкен мешіт салдырған. Сонымен қатар Құнанбай болашақта билік тізгінін қолда ұстайтын адамға оқу қажеттігін өз тәжірибесінен аңғарған. Адам танығыш, сыншы әке басқа балаларынан гөрі Абайға көп үміт артқан. Сол себепті Абайды 9 жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза деген молданың медресесіне оқуға береді.

Абай медреседе үш жарым жылдай болып, мұнда мұсылмандық қағидаларын, аз да болса тарих, жағрапия, есеп пәндерін оқиды. Жас шәкірттің бұл жылдардағы зор жетістігі – қыр еліне таңсық араб, парсы, түркі тілдерін жетік біліп шығуы еді. Абай бос уақытында осы тілдерде жазылған ғұлама оқымыстылардың кітаптарын, ақындардың дастандарын, ескілікті аңыздарды бас алмай оқитын. Әсіресе, ақындар шығармаларын көп оқып, соларға еліктеп өлең де шығаратын.

Медреседегі оқуының соңғы жылында Абай өз бетімен 3 айдай орыс мектебіне барып, тіл үйренеді. Сол кезде алған білімі кейін 35 – 40 жастарында орыс оқуына қайта оралып, орыс тілін айтарлықтай жетік меңгеріп алуына негіз болады.

Осының бәріне қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбайұлы өздігінен талап қылу арқылы қол жеткізген. Балаларға арналған өлеңдерінде ол талапты адамның ең асыл қасиеттерінің бірі деп көрсетуі тегін емес.

Мұстафа Шоқай

Мұстафа Шоқайұлы Ақмешітте (қазіргі Қызыл – Орда қаласында) 1890 жылы желтоқсан айының 25 – і күні (жаңа стильмен қаңтар айының 7 – сі күні) дүниеге келген. Әкесі Шоқай революцияға дейін ұзақ жылдар бойы болыс және судья болып қызмет еткен елге беделді адам еді. Атасы Торғайдың датқа атағы болған.

Мұстафа 12 жасында Ташкенттегі гимназияға оқуға қабылданып, оны алтын медальмен аяқтайды. 1910 жылы Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетіне оқуға түскен М.Шоқайұлы оны да үздік бағамен 1914 жылы тәмамдап, Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясына хатшылық қызметке алынады. Түркістанға келген соң ол өлкелік мұсылмандар комитетіне төрағалық ете жүріп, 1917 жылы «Бірлік туы» деген газет шығарып, алғашқы 6 номерінің редакторы болады. Осы жылдың қараша айының 27 – сі күні «Түркістан автономиясы» жарияланып, Мұстафа Шоқай оның басшылығына сайланады. Алайда екі жарым айдан кейін орыс большевиктері «Түркістан автономиясын» талқандайды. Мұстафа Шоқайұлы шетелге кетеді, мақсаты – елінің талап – тілегін әлемдік қауымдастыққа

жеткізу. Шетелдерде жүріп «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарын шығарады. Оның Еуропа қалаларында атқарған қызметтерін замандастары жоғары бағалаған.

Мұстафа Шоқайұлы соғыс басталғанда неміс лагерьлеріндегі тұтқын мұсылмандармен сөйлесіп, олардың елге қайтуы үшін көптеген астыртын әрекеттерге басын тігеді. 1941 жылы желтоқсан айының 27 – сі күні ол «белгісіз өліммен» қайтыс болады. Әділеттің ақ күні туатынына нық сеніммен дүниеден өткен М.Шоқай көтерген идеялары бүгінгі күні жүзеге асып отыр.

Жүсіп Баласағұни (XI ғасыр)

Жүсіп Баласағұни Шу алқабындағы Тоқмақ қаласына жақын орта ғасырлы Баласағұн қаласында туған. «Кұдатғу білік» – «Кұт негізі – білік» – «Кұтты білік» Жүсіп Баласағұнидің бізге жеткен еңбегі. Түрік тілінде жазылған алғашқы шығарма деп есептеледі. Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ рухани ескерткіш кітап 85 баптан, 6645 бәйіттен тұрады.

Данагөйдің пікірінше, баланың мінез – құлқы жақсы тәрбиемен қалыптасады. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, білімсіз болып өссе, оған оның ата – анасы кінәлі. Баланы бесігінен оқытып, тәрбиелеу керек.

Жас ұрпақты қолөнер мен сан салалы білімге баулу – ата-ананың басты парызы («балаңыз өмірде өксімес үшін, оған білім мен кәсіп бер»). Тәртіптің негізі – білім, әдеп дағдыларын алу. Сондықтан жас шағынан балаларды білім алуға, үлкендерді сыйлауға, ата – анасын қастерлеп, құрметтеуге үйрету керек.

Автор адамдарды ғылымды үйренуге, өзінің ақыл – ойын дамытуға шақырады. Сонда ғана олар табиғаттың құпия сырларын танып, білетін болады. Егер адам болғың келсе, онда білімдерді игеретін бол. Білімсіз адам – надан. Шығармада сондай – ақ жұртпен жақсы қарым – қатынас жасау, сөз өнеріне жетілу, оның пайдасы мен зияны, әр түрлі жақсы – жаман қасиеттер туралы сөз болады.

Шоқан

Шоқан Уәлиханов – қазақтан шыққан ең бірінші ғалым, саяхатшы, этнограф, археолог, музыка танушы және географ. 1835 жылы Көкшетау облысында дүниеге келген.

Ханның ұрпағы ретінде араб, шағатай тілдерін үйренеді. 1853 жылы Омбы қаласындағы кадет корпусын бітіріп шығады.

1857 жылы 22 жасында Орыс география қоғамының мүшесі болады. Ол түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне байланысты құнды мәліметтер жинайды. Қырғыз халқының асыл мұрасы «Манас» жырын жазып алады. Оның ең атақты саяхаты Қашғарияға саяхаты болды. Осы саяхаты арқылы ол бүкіл дүние жүзіне танымал болды. Ш.Уәлиханов Ф.М.Достоевскиймен, Потанинмен дос болды. Шоқанның атында көшелер, мектептер, институттар бар.

Мұхтар Әуезов

Атақты қазақ жазушысы, драматург, мемлекет қайраткері Мұхтар Әуезов Қазақстанның Семей облысында туды. Оның атасы Әуез қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевпен дос болды. Атасы жазушыны Абайдың қолжазба өлеңдері бойынша оқытты.

Мұхтар Әуезов Семей мұғалімдер семинариясын, 1929 жылы Ленинград университетін бітірді.

Оның жазушылық жолы 1917 жылы қайғылы махаббат туралы халық аңызына негізделген «Еңілік – Кебек» пьесасын жазудан басталды. Өз өмірінде ол 20 – дан астам пьеса, көптеген қысқа әңгімелер, романдар жазды. Оның өткен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірін, тұрмысын көрсететін эпикалық «Абай жолы» романы әлемдік классикалық туынды болып танылды. Бұл роман әлем халықтарының көптеген тіліне аударылды.

М.Әуезов есімі – оның замандастары арасындағы ең жарқын есім. Ол аударған Толстой, Чехов, Шекспир, Лондон шығармалары қазақ әдебиетін байытқан туындылар болып табылды.

Оның алғашқы еңбектері халық мәдениеті, педагогикасы және білім берудегі ортақ мәселелерге арналған. Ол өмірінің бірталай жылдарын жастарға білім беруге, оларды тәрбиелеуге арнады. Қазақ әдебиеті бойынша дәріс оқыған тұңғыш қазақ профессор да М.Әуезов болатын. Оның бай шығармашылық мұрасы: көркем шығармалары, оқулықтары, мақалалары мен ұстанған заттары, жазысқан хаттары Алматыдағы мұражайда сақталған.

Лексика тарауы бойынша тест сұрақтары

I Нұсқа

1. Лексика ғылымы нені зерттейді?
 - А) дыбыстар мен әріптерді;
 - В) сөз құрамын;
 - С) сөз мағынасы мен сөздік қорды;
 - Д) сөз тіркесін;
 - Е) сөйлемдерді.

2. Синоним дегеніміз не?
 - А) айтылуы бірдей, бірақ әр түрлі мағына беретін сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - Е) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер

3. Синонимдік тізбекті көрсетіңіз:
 - А) айна, жер, парта
 - В) қара, ақ, көк
 - С) шыдам, сабыр, төзім
 - Д) шырайлы, ермек, сұлу
 - Е) және, сен, біз

4. Антонимдік жұпты көрсетіңіз:
 - А) тынығу – демалу
 - В) татуласу – жарасу
 - С) әдейі – жорта
 - Д) биік – аласа
 - Е) шаңырақ – уық

5. Антоним сөздер дегеніміз не?
- A) Мағыналары ұқсас сөздер
 - B) Мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - C) Буынға бөлінетін сөздер
 - D) Айтылуы бірдей, бірақ әр түрлі мағына беретін сөздер
 - E) Ғылым мен техниканың пайда болуына байланысты пайда болған сөздер
6. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:
- A) әдемі қыз
 - B) ойлы ана
 - C) қою қара шаш
 - D) қол сағат
 - E) беті күй
7. Көнерген сөзді көрсетіңіз:
- A) лашық
 - B) нарық
 - C) қалта
 - D) өрік
 - E) алма
8. Синоним сөздерді табыңыз:
- A) бала, ата
 - B) ақылдасу, кеңесу
 - C) гүл, аймақ
 - D) жүзік, сырға
 - E) қой, ешкі
9. Антоним сөздерді көрсетіңіз:
- A) қарт – қария
 - B) бала – бөбек
 - C) жарық - қараңғы
 - D) шаңсорғыш - мұздатқыш
 - E) тұлға - сымбат
10. Әдебиетке байланысты термин сөздерді табыңыз:
- A) либретто, дирежер, режиссер
 - B) роман, метонимия, образ, повесть
 - C) фонема, морфема, синоним, лексика
 - D) баскетбол, бокс, атлетика
 - E) теңдеу, минус, косинус, алгоритм
11. Неологизм сөздер дегеніміз не?
- A) тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер
 - B) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - C) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - D) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын

сөздері

Е) Ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер

12. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

- А) көпірден өту
- В) туған жер
- С) қара торы қыз
- Д) мөлдір су
- Е) жұмған аузын ашпау

13. «Жүрегінің түгі бар» деген тұрақты тіркестің беретін мағынасы:

- А) қорқақ
- В) батыр
- С) әдемі
- Д) тез
- Е) уақыты жоқ

14. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз:

- А) жылы жүзді
- В) жылы сөз
- С) жылқы жылы
- Д) жылы тілек
- Е) жылы су

15. Антоним сөздерді табыңыз:

- А) сертшіл – уәдешіл
- В) өлең - ән
- С) сараң - мырза
- Д) киім - кешек
- Е) кітап – дәптер

16. Синоним сөздер тізбегін көрсетіңіз:

- А) төңірек, құрбы, мінез
- В) пысық, үлкен, ынта
- С) ескі, көне, ежелгі
- Д) өзі, біз, дала
- Е) құрғақ, ақырын, ерте

17. Жаңа сөздерді көрсетіңіз:

- А) сәуір, қаңтар, мамыр
- В) терезе, есік, еден
- С) кітап, қалам, дәптер
- Д) компьютер, принтер, сканер
- Е) арман, бақыт, тілек

18. Көнерген сөздерді табыңыз:

- А) емхана, сұлтан
- В) ауру, емші

- С) көнек, мес
- Д) келбет, көрік
- Е) теледидар, тебен

19. Диалект сөздер дегеніміз не?
- А) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - Е) Ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
20. «Тез» деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес:
- А) көзді ашып - жұмғанша
 - В) ит өлген жерде
 - С) жүрегі ұшты
 - Д) жүрегі аузына тығылды
 - Е) ай десе аузы бар

II нұсқа

1. Көнерген сөздерді табыңыз:
- А) машина, трактор
 - В) шар, доп
 - С) шкаф, ойыншық
 - Д) хан, ханшайым
 - Е) орман, қала
2. Кірге сөздер дегеніміз не?
- А) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
 - В) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - С) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - Д) басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген сөздер
 - Е) мағыналары қарама – қарсы сөздер
3. «Мә, қасқа, сау бол, нән» деген сөздер қай аймақтың диалектілеріне жатады?
- А) Оңтүстік Қазақстан
 - В) Маңғыстау
 - С) Семей
 - Д) Арқалық
 - Е) Өскемен
4. Қазақ тіліне орыс лексикасынан енген сөздерді көрсетіңіз:
- А) ғылым, ғалым, намаз
 - В) жәшік, сот, самауыр
 - С) аға, жиен, бажа
 - Д) мереке, мектеп, медресе
 - Е) қалам, қағаз, дәптер

5. Мата атауларына байланысты көнерген сөзді көрсетіңіз:
- А) патша, хан, ханша
 - В) барымта, жыртыс, пітір
 - С) патсайы, бөз, ләстек
 - Д) шабарман, нөкер, қазы
 - Е) оқшантай, қорамсақ, айбалта
6. Көнерген сөз дегеніміз не?
- А) қоғамдағы өзгерістер негізінде қолданыстан шығып қалған сөздер
 - В) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - С) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - Д) басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген сөздер
 - Е) тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер
7. Қару – жарак, әскери лауазыммен байланысты көнерген сөздерді табыңыз:
- А) қызыл отау, қосшы, нарком
 - В) ханзада, уәзір, ауылнай
 - С) сауыт, садақ, жасақ
 - Д) сауын айту, ұрын бару, барымта
 - Е) шидем, күпі, кісе
8. Термин сөздер дегеніміз не?
- А) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - Е) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
9. Кәсіби сөз дегеніміз не?
- А) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
 - В) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - С) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - Д) басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген сөздер
 - Е) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
10. «темір күрек» деген сөз тіркесі қалай байланысып тұр?
- А) қиысу
 - В) меңгеру
 - С) матасу
 - Д) қабысу
 - Е) жанасу
11. Омоним сөздер дегеніміз не?
- А) айтылуы бірдей, бірақ әр түрлі мағына беретін сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - Е) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер

12. Антоним сөздерді белгілеңіз:
- A) нүкте - үтір
 - B) лексика - фонетика
 - C) белдесу - тез
 - D) еңбек - оқу
 - E) бейнет - зейнет
13. «Ит терісін басына қаптады» деген тұрақты тіркес қандай мағына береді?
- A) қуанды
 - B) ренжіді
 - C) қатты ұрысты
 - D) алыс
 - E) ұйықтады
14. Синоним сөздерді табыңыз:
- A) қала, ауыл, орман
 - B) сабырлы, салмақты, байыпты
 - C) қазы, қазына, қазақылық
 - D) бала, болашақ, балапан
 - E) жақсы, жаман, жайдары
15. Айтылуы бірдей, бірақ әр түрлі мағына беретін сөздер қалай аталады?
- A) омоним
 - B) диалект
 - C) неологизмдер
 - D) кірме сөз
 - E) синоним
16. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:
- A) күндердің күнінде
 - B) ер жігіт
 - C) жұртпен сөйлесу
 - D) көз қырын салмау
 - E) ауыспалы ту
17. Тұрақты сөз тіркесін көрсетіңіз:
- A) қою қара сақалды
 - B) қара торы
 - C) көзіне көк шыбын үймелету
 - D) әдеміше қыз
 - E) салқын қымыз
18. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз:
- A) Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды.
 - B) Елге аман жетіп, хатты тапсырса игі еді.
 - C) Олар кітапханаға кетті, мен институтта қалдым.
 - D) Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады.
 - E) Боран таң ата ашылып, жел тынды да, маужыраған әдемі күн басталды.
19. Қиысуды көрсетіңіз:
- A) жазғы көйлек

- В) менің бақытым
- С) шақырылғандар келді
- Д) еңбекті бағалау
- Е) он екі мың

20. Антоним сөздерді табыңыз:

- А) шабу – ору
- В) тұнжырау - жадырау
- С) үрпию - ербию
- Д) шайтан - пері
- Е) жан – ар

III нұсқа

1. Тұрақты сөз тіркесін көрсетіңіз:

- А) қою қара сақалды
- В) қара торы
- С) көзіне көк шыбын үймелету
- Д) әдеміше қыз
- Е) салқын қымыз

2. «екі аяғын бір етікке тығу» деген тұрақты тіркестің беретін мағынасы:

- А) ұрысу, қорлау
- В) қуану, секіру
- С) ұйықтау, есінеу
- Д) жүгіру, ойнау
- Е) құлау, тұру

3. Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?

- А) айтылуы бірдей, бірақ әр түрлі мағына беретін сөздер
- В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
- С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
- Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
- Е) бірнеше сөзден құралып, бір мағына беретін, бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға болмайтын сөздер

4. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

- А) күндердің күнінде
- В) ер жігіт
- С) жұртпен сөйлесу
- Д) көз қырын салмау
- Е) ауыспалы ту

5. «Сіңбіруге мұршасы жоқ» деген тұрақты тіркестің беретін мағынасы:

- А) қорқақ
- В) батыр
- С) әдемі
- Д) тез
- Е) уақыты жоқ

6. Омоним сөзді көрсетіңіз:
- А) көрші
 - В) дала
 - С) тауық
 - Д) құлпынай
 - Е) қорамсақ
7. «Тонның ішкі бауындай» деген тұрақты тіркес қандай мағына береді?
- А) өштесу
 - В) тату болу
 - С) қорқу
 - Д) уақыты болмау
 - Е) көру
8. Термин сөздерді табыңыз:
- А) мектеп, медресе, мұғалім
 - В) синтаксис, лексика, фонетика
 - С) қарбыз, қауын, сәбіз
 - Д) түйе, қой, ешкі
 - Е) теңіз, көл, өзен
9. Омоним сөзді көрсетіңіз:
- А) шар
 - В) шана
 - С) түс
 - Д) мылтық
 - Е) қағаз
10. Бау – бақша кәсібіне байланысты кәсіби сөздерді табыңыз:
- А) көсек, күнжара, қозапая, шит егу
 - В) атыз, енжір, күләбі, қарық, әңгелек
 - С) жылым, бүркеніш, азна, шөктірме
 - Д) кітап, қалам, дәптер, парта
 - Е) шаңырақ, кереге, киіз, сықырлауық
11. Қоғамдағы өзгерістер негізінде қолданыстан шығып қалған сөздер:
- А) жаңа сөз
 - В) синоним
 - С) диалект сөз
 - Д) термин
 - Е) көнерген сөз
12. Синонимдік тізбекті табыңыз:
- А) мата, қоржын, көбелек
 - В) балшық, батпақ, лай
 - С) бөлме, ара, балға
 - Д) балта, тас, телефон
 - Е) темір, балық, кітап
13. «Жүрек жалғады» деген тұрақты тіркес қандай мағына береді?
- А) ұйықтады
 - В) тамақтанды

- С) демалды
- Д) ренжіді
- Е) ашуланды

14. Тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер қалай аталады?

- А) жаңа сөз
- В) синоним
- С) диалект сөз
- Д) термин
- Е) көнерген сөз

15. Синонимдік тізбекті белгілеңіз:

- А) туыс, жақын, жанкүйер
- В) тәкаппар, паң, менмен
- С) пысық, жылпос, жасық
- Д) өлмес, өшпес, сирек
- Е) саңырау, тосаң, сараң

17. «айылын жимау» деген қандай сөз?

- А) синоним
- В) антоним
- С) омоним
- Д) тұрақты тіркес
- Е) көнерген сөз

18. Көнерген сөзді көрсетіңіз:

- А) кісе
- В) портфель
- С) қалам
- Д) дәптер
- Е) киім

19. Жаңа сөзді көрсетіңіз:

- А) қоржын, дорба
- В) кітап, қалам
- С) тасбақа, жылан
- Д) көбелек, инелік
- Е) интернет, модем

20. Синонимдік тізбекті белгілеңіз:

- А) туыс, жақын, жанкүйер
- В) пысық, жылпос, жасық
- С) тез, лезде, жылдам
- Д) өлмес, өшпес, сирек
- Е) саңырау, тосаң, сар

IV нұсқа

1. Айтылуы әр түрлі, бірақ ұқсас мағына беретін сөздер қалай аталады?

- А) омоним
- В) диалект
- С) неологизмдер
- Д) кірме сөз
- Е) синоним

2. Жаңа сөзді көрсетіңіз:
- А) орамал, тарақ
 - В) ине, жіп
 - С) тасбақа, жылан
 - Д) дәптер, қалам
 - Е) ұялы телефон, ғаламтор
3. «беті бұлк етпеді» деген тұрақты тіркес қандай мағына береді?
- А) ұялмады
 - В) тамақтанды
 - С) демалды
 - Д) ренжіді
 - Е) ашуланды
4. Кәсіби сөздер дегеніміз не?
- А) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
 - Е) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
5. Табу дегеніміз қандай сөздер?
- А) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - В) айтылуы әр түрлі, мағыналары бір – біріне жақын, ұқсас сөздер
 - С) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - Д) халықтың наным – сенімі мен салт – дәстүріне байланысты атын тура айтуға тыйым салынған сөздер
 - Е) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
6. Синоним сөздерді табыңыз:
- А) терезе, есік, үй
 - В) момын, жуас, қой аузынан шөп алмас
 - С) қазы, қазына, қазақшылық
 - Д) бала, болашақ, балапан
 - Е) жүрек, бауыр, аяқ
7. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:
- А) қызыл алма
 - В) бала ойнады
 - С) жүрегі аузына тығылу
 - Д) сары жапырақ
 - Е) көгілдір аспан

8. Диалект сөз дегеніміз не?
- А) ғылым мен техниканың алуан түрлі саласында қолданылатын сөздер
 - В) мағыналары қарама – қарсы сөздер
 - С) белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздер
 - Д) басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген сөздер
 - Е) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдардың өзара қолданатын сөздері
9. Термин сөздерді табыңыз:
- А) оқушы, оқытушы, университет
 - В) морфология, полисемия, омоним
 - С) сәбіз, қарбыз, орамжапырақ
 - Д) жылқы, ешкі, бұзау
 - Е) орман, жанартау, ағаш
10. Антонимдік жұпты көрсетіңіз:
- А) сараң – жомарт
 - В) татуласу – жарасу
 - С) әдейі – жорта
 - Д) ағаш – тас
 - Е) шаңырақ – уық
11. Көнерген сөздерді табыңыз:
- А) емхана, аурухана
 - В) ауру, емші
 - С) торсық, саба
 - Д) келбет, көрік
 - Е) теледидар, тебен
12. Диалект сөзді белгілеңіз:
- А) қалам, дәптер
 - В) кітапхана, дәмхана
 - С) шырпы, күкірт
 - Д) әдемі, әсем
 - Е) телефон, модем
13. Орыс тілінен енген кірме сөздерді табыңыз:
- А) жәшік, кереует
 - В) дәріс, мектеп
 - С) пияла, кесе
 - Д) әдемі, әсем
 - Е) теледидар, қасық
14. «қорасан» деген табу сөзді қай сөздің баламасы ретінде қолданған?
- А) кеме
 - В) қасқыр

- С) шешек ауруы
- Д) әдемі қыз
- Е) найзағай

15. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөз тіркесін табыңыз:

- А) бұлақтың көзі
- В) адамның көзі
- С) сәбидің көзі
- Д) қыздың көзі
- Е) бозбаланың көзі

16. Маңғыстау өңіріне тән диалект сөзді көрсетіңіз:

- А) пиялай
- В) бәдірен
- С) күкірт
- Д) қасқа
- Е) әпке

17. «тонның ішкі бауындай» деген тұрақты тіркес қандай мағына береді?

- А) араз
- В) тентек
- С) тату
- Д) күлегеш
- Е) арық

18. Берілген сөздердің ішінен омоним болатын сөзді табыңыз:

- А) бер
- В) жоқ
- С) жүз
- Д) он
- Е) кел

19. Мал шаруашылығына байланысты айтылатын кәсіби сөзді белгілеңіз:

- А) күзем, тоғыту
- В) бәдірен, ормажапырақ
- С) сіріңке, күкірт
- Д) іні, қарындас
- Е) қоза, жүйек

20. Тура мағыналы сөз тіркесін табыңыз:

- А) жылы күн
- В) жылы сөз
- С) жылы жүрек
- Д) жылы лебіз
- Е) жылы тілек

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аманиязов Қ.Н., Игібай Қ.Ж., Черкешова С.М. «Мұнай – газ кендерінің кәсіпшілігінің геологиясы». Алматы – 2001.
2. Аманиязов Қ.Н., Игібай Қ.Ж., Черкешова С.М. «Геология». Алматы – 2001.
3. Абайұлданов Қ.Н., Нұрсұлтанов Ғ.М. «Мұнай және газды өндіріп, өңдеу». Алматы «Өлке», 2000.
4. «Ақ сандық, көк сандық». Алматы, «Жазушы», 1988.
5. Бектұров Ш., Серғалиев М. «Қазақ тілі» Алматы, «Білім», 1994.
6. «Диктанттар жинағы». Алматы, «Ана тілі», 1993.
7. Нығмет Ж.Н. «Қазақ тілі хрестоматиясы» Алматы, «Білім», 2003.
8. «Қазақша мал атаулары» Алматы, «Қайнар», 1982.
9. Қондыбаев С. «Маңғыстау географиясы» Алматы, «Қағанат», 1997.
10. Қондыбаев С. «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары»
11. Оралбай Н., Құрманәлиев К.А. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
12. Әдісханова Р. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
13. Қараев М.Ә. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
14. Сариева К. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
15. Жиенбаев С., Бегалиев Ғ., Ұйықбаев И.. «Қазақ тілі». Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык. Алматы, «Ана тілі», 1995.
16. Ақанова Д.Х., Алдашева А.М, Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ.Қ., Сүлейменова Э.Д.. «Ресми-іскери қазақ тілі». Алматы, «Арман-ПВ», 2002

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Лексика.....	4
Синонимдер.....	4
Омонимдер.....	6
Антонимдер.....	8
Диалект сөздер.....	12
Терминдер.....	15
Неологизмдер.....	16
Көнерген сөздер.....	18
Тұрақты сөз тіркесі.....	20
Кірме сөздер.....	22
Сөздің турас және ауыспалы мағынасы.....	24
Көп мағыналы сөздер.....	27
Табу.....	28
Эвфемизм мен дисфемизмдер.....	30
Студенттердің өз бетімен оқуына арналған мәтіндер.....	31
I. Туған өлке тарихы сыр шертеді.....	31
II. Ұлттық құндылықтар – асыл қазынамыз.....	36
III. Мұнай өндірісі және оны зерттеушілер.....	47
IV. Ұлы тұлғалар.....	54
Лексика тарауы бойынша тест тапсырмалары.....	57
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	69

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 71 бет 5,9 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.